

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Шын
отансүйгіштік
дегеніміз –
жалаң ұран тастау
емес, еліңе,
халқыңа қызмет ету.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АҚОРДА



«АЛМАТЫ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БОЙТҰМАРЫ»

Алып мегаполис –
Мемлекет басшысының
жіті назарында

2

САРАПТАМА



Азаттыққа ұмтылыс:
АЗАМАТТЫҚ ЕРЛІК
лайықты бағасын
алуы керек

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.12.2023

Түнде:



-15-17 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

Күндіз:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

17.12.2023

Түнде:



-10-12 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

Күндіз:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №151 (6444) 16 желтоқсан, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

МӘРТЕБЕЛІ МЕЙРАМ

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

біздің қасиетті де қастерлі құндылығымыз!

Көк тудың желбірегені –
Жаныма қуат береді.
Таласқа түссе жан мен ту
жан емес,
маған керегі –
Көк тудың желбірегені.



ЖЕЛТОҚСАН
ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

5

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ:

«Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!»
деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс!».



АҚОРДА

«АЛМАТЫ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БОЙТҰМАРЫ»

Алып мегаполис – Мемлекет басшысының жіті назарында

Еліміздің экономикалық дамуының қозғаушы күші әрі көшбасшысына айналған Алматы шаһарының Президент үшін орны бөлек, маңызы ерек екені қуантады. Мемлекет басшысы бұған дейін оңтүстік астанамызға жұмыс сапарымен келіп, қала жұртшылығымен жүздескенде де, Алматы қаласын одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте де біз бұл көзқарасты айқын сезіндік. Өзі тұжырымдағандай, Алматы адамдарға қызмет ететін, мәдениетті қала болуы керек және мегаполисті жан-жақты дамыту мәселесі әрқашан Президенттің жіті назарында.

«Алматы – қастерлі тәуелсіздігіміздің бойтұмары болған қала. Алматыда еліміз үшін ең маңызды шешімдер мен құжаттар қабылданды. Осы жерде Егемендік декларациясына қол қойылды, Тәуелсіздігіміз жарияланды. Еліміздің болашағын айқындаған басқа да көптеген тағдырлы оқиғалар өтті. Алматы – еліміздің іскерлік, рухани, ғылыми және туристік орталығы. Сондықтан мен қаланың дамуына, оның тіршілікке қолайлы, жайлы болуына айрықша мән беремін», – деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев сол бір сапарында.

Бұрнағы күні Мемлекет басшысы шаһар басшысы Ерболат Досаевты қабылдады. Президентке Алматыға қатысты Президент тапсырмаларының орындалуы, мегаполистің биылғы 11 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары жөнінде есеп берілді.

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- Аталған кезең ішінде қысқа мерзімді экономикалық индикатор 13 пайызға артқан.
- Мемлекеттік бюджет түсімдері 4,9 триллион теңгеге жеткен. Өсім көрсеткіші 34,5 пайызды құрады.
- Қараша айында жылдық инфляция 10,5 пайызға дейін бәсеңдеген. Жалпы, жыл қорытындысы бойынша еліміздегі ең ірі қала экономикасының өсімі 6,5 пайыз деңгейінде болады деген болжам жасалып отыр (2022 ж. – 5,0%).
- Негізгі капиталға құйылған инвестицияның жалпы көлемі 20 пайызға ұлғайған.
- Жеке инвестиция 30,3 пайызға артып, 1,4 триллион теңгеге жеткен.
- Жыл басынан бері қала экономикасына барлығы 1,53 триллион теңге салынды.



● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- Алматыда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 37,1 мың орынды 22 мектептің құрылысы мен жобалау жұмыстары басталды.
 - Жыл басынан бері NEET санатындағы 36,7 мың жас азамат жұмысқа орналастырылған.
- Оның 82 пайызы – тұрақты жұмыс орны. Қажетті мамандықтарды оқытудың қысқа мерзімді курстары және Jobfair365 бос жұмыс орындарының цифрлық платформасы іске қосылған. Жастар үшін 8 комьюнити-орталығы ашылған.
- Ерболат Досаевтың айтуынша, Президенттің қаланы көгалдандыру жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы ерекше бақылауда. Жыл басынан бері 276 мың түп көшет отырғызылды. Жыл соңына дейін олардың саны 320 мыңға жеткізілмек. Алматыдағы саябақтар аумағы 397 гектарға ұлғайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Алматыда қоғамдық көлікті дамыту және экологиялық талаптарға сәйкестендіру үшін кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биыл қаланың автобус паркі экологиялық таза 1150 жаңа автобустен толықты. Оның 550-ін жеке тасымалдаушылар сатып алған. Соңғы 11 жылда алғаш рет троллейбус паркі де жаңартыла бастады. Бүгінде 100 троллейбус сатып алынған, қосымша тағы 100-ін сатып алу арқылы келесі жылы троллейбус паркі толықтай жаңармақ. Сонымен қатар, жол-көлік инфрақұрылымының дамуы туралы да баяндалды. Қаланың 70 көшесіне 25 шақырым жаңа жол салынды және 200 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Бұдан бөлек, Президентке әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуға қатысты тапсырмаларының орындалуы туралы

мәлімет берілді. Денсаулық сақтау саласында медициналық-санитариялық алғашқы көмектің (МСАК) жаңа бірыңғай стандарты белсенді түрде енгізілуде.

• Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мегаполис экономикасын одан әрі әртараптандыру, инвестиция тарту, шағын және орта бизнесті қолдау шараларын күшейту жөнінде нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ, әкімге қоғамдық көлікті экологиялық талаптарға сәйкестендіру және Алматының көлік қатынастары жүйесін дамыту міндетін жүктеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

● БРИФИНГ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында қоғам және білім беру саласы мамандарының қатысуымен брифинг өтіп, Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының негізгі кезеңдері қозғалды.



Айнабай
МӘДІ

Басқосудың негізгі тақырыбы – «Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының негізгі кезеңдері туралы» деп аталады. Спикерлер – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы Сабырхан Смағұлов, халықаралық қатынастар бойынша сарапшы, PhD докторы, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Қайыржан Әбдіхалыков.

«Алматы – Қазақстан Тәуелсіздігінің алтын бесігі» деп бекерге айтылмайды. Бұл шаһарда еліміздің Тәуелсіздігі жер-жаһанға жария етілген болатын. Сөз алған сарапшылар егемен де тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуының негізгі кезеңдері туралы байыппен баяндады. Осыдан 32 жыл бұрын орын алған тарихи оқиғалар Қазақстанның саяси және экономикалық тәуелсіздік алуына әкелді. Бұл туралы ҚазҰУ-дің аға оқытушысы С.Смағұлов барынша талдап айтып берді.

БАҒДАРЛАР МЕН БЕЛЕСТЕР

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының негізгі кезеңдері сараланды

«1991 жыл – Республикамыздың тарихы мен тағдырындағы маңызды да айтулы жыл. Сол жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздік туралы Конституциялық заң қабылданды. Содан бері 32 жыл өтті. Бұл – адамзат тарихы үшін аз мерзім болғанымен, қазақстандықтар үшін егеменді ел мен ұлттық болмыстың қалыптасуы мен тәуелсіздік үшін күрес болған кезеңдерді еске түсіру жылдары. Мемлекет басшысы «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты мақаласында атап өткендей, бүгінгі ұрпақ ұлт пен елді сақтау жолындағы жаңа сынақтарға дайын болуы керек. Тәуелсіздікті көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Ұйымдасып, бір жазадан бас, бір жеңнен қол шығарып, еліміздің күшеюіне қызмет етуіміз керек», – деді тарихшы С.Смағұлов.

Әл-Фараби атындағы университетте, оның ішінде Тарих факультетінде мемлекеттің қалыптасу кезеңдерін зерделеуде көптеген жұмыстар атқарылуда. Ғалымдар мен оқытушылар осы кезеңге арналған көптеген мақала мен материалдар жариялауда. Тарихшы С.Смағұлов атап өткендей, сонау 2016 жылы университет баспасынан екі тілде (қазақ, орыс) 4 кітаптан тұратын көлемді оқу құралы жарық көрді. Қазіргі уақытта бұл оқулықты ағылшын тілінде шығару жұмыстары жүргізілуде. Брифингке



қатысқан халықаралық қатынастар бойынша сарапшы, PhD докторы, Алматы қаласы Қоғамдық Кеңесінің мүшесі Қайыржан Әбдіхалыков: «Қазақстан – өз экономикасын табысты дамытып, өркендеу мен тұрақтылыққа қарай реформалар мен қайта құрулар жолымен алға басып келе жатқан жас, еркін де тәуелсіз мемлекет» деп атап айтты. Әлбетте, сол тау еткен тәуелсіздікке алып келген ұзақ сапар біздің шаһарымыз Алматыдан басталғанын барша жұрт біледі. «Алматы – Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі, дәл осы жерде ескі Үкімет

үйінде 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Тәуелсіздік Декларациясын қабылдады. Сол кезден бастап тәуелсіздігіміздің есебі басталды, оны алғашқы сағаттарда-ақ көптеген елдер мойындады. Ал бір жылдың ішінде 100-ге жуық мемлекет дипломатиялық қарым-қатынас орнату арқылы тәуелсіз мемлекетті мойындады», – деді Қ.Әбдіхалыков.

Сарапшы Жоңғар шапқыншылығынан бастап халқымыздың тәуелсіздікке деген ұмтылысы қай заманда да өшпегенін атап өтті. Қ.Әбдіхалыков Тәуелсіздіктің құқықтық аспектілеріне де тоқталып, 1989 жылы қазақ тілінің алдымен мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанын, одан кейін 1995 жылы 25 қазанда егемендік алған кезең болғанын, басқа да маңызды оқиғаларды еске салды.

Тәуелсіздік – біз қадір тұтар қасиетті ұғым. Оның оңайлықпен келмегені де рас. Тарихшы С.Смағұлов еліміздің басты ұлттық мерекесін барлық деңгейде атап өтуді айтты.

Сонымен бірге, тәуелсіздіктің шежіресін білу үшін кейінгі кезеңде жазылған анық-қанығы мол тарихи оқулықтарды оқуға шақырды. Нақты тарихи деректерді содан табуға болады. Брифинг соңында спикерлер алматылықтарды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, елімізге береке мен бірлік тіледі.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК
АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІРАлматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері
тұрғындардың көзі һәм құлағы

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Қоғамдық кеңес өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Спикерлер мегаполистің кейбір әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуде Қоғамдық кеңес пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының тиімді нысандары туралы айтып, осы жылдың жетістіктерімен бөлісті.

Нұржамал
ӘЛШЕВАШЕШІМІН ТАПҚАН
МӘСЕЛЕЛЕР

Жалпы, қоғамдық кеңес – ол халық үні, оның мүшелері – өз ісімен, беделімен, қоғамдағы орнымен үлкен кәсіби маман екенін дәлелдеген жан-дар. Қала тағдырына алаңдап, қоғамға пайдалы болғысы келетін адамдар. Қоғамдық кеңес өз жұмысында жол, аурухана, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және тағы басқа да өзекті мәселелерді қамтиды.

Баспасөз мәслихатының алғашқы сөзін алған Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, «Аппараттық ресурстық орталық» ҚК директоры, Алматы қаласы мәслихатының VIII шақырылым депутаты Алтынай Көбеева аталмыш кеңестің 2016 жылдан бері қалай жұмыс істеп келе жатқанына тоқталды. Қоғамдық кеңестер республикалық, облыстық және жергілікті деңгейде құрылып, жұмыс атқарады.

Қаланың Қоғамдық кеңесінің құрамына әртүрлі салаларда сарапшы болып жүрген 38 мүше (конкурстық негізде сайланатын) кіреді. Оның 35-сі азаматтық қоғам өкілдері, ал 3-еуі мемлекеттік органдардың өкілдері.

Жыл басынан бері Қоғамдық кеңес әртүрлі мемлекеттік органдарға түрлі мәселелер бойынша 351 өтініш пен ұсынымдар жіберді, оның ішінде жеке тұлғалардың 328-і өтініші бойынша қарау/жауап алынды. Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес комиссиялары жеке және заңды тұлғалардың 70 өтінішін қарады, оның ішінде 41-іне жауап беріліп, көптеген мәселе шешімін тапты. Қалған өтініштер зерделену үстінде.

ӘЙЕЛ-АНА ТІЛЕГІ

Алтынай Көбеева өз сөзінде, «Самал-2» ықшамауданы тұрғындарының бұзылған үйінің орнына баспана беру мәселесі шешілгенін мысал келтіре отырып, атап өтті.

«Биылғы қаңтарда біздің Қоғамдық кеңеске мүгедек баланың анасы «Зерделі» ықшамауданындағы тұрғын үйдің кіреберісінде мүгедектер арбасымен шығу үшін қолайлы жағдайдың жоқтығына шағымданған. Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының тексеру қорытындысы бойынша бұл учаске «Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары» Жол картасына және «Алматыда инклюзивті орта құру» бөліміне енгізілген», – деді Қоғамдық кеңес төрағасы.

Сонымен қатар, Дунаевский көшесін тесу салдарынан, балабақша

аумағы мен жасыл желектердің бүлінгеніне шағымданған «Алмагүл» ықшамауданы тұрғындарының өтінішінен кейін, Қоғамдық кеңес мүшелері аудан әкімімен кездесу ұйымдастырып, қалалық Мобильділік басқармасына үндеу жолдады. Нәтижесінде көшені тесу бойынша жұмыстар тоқтатылды.

Қала белсенділерінің жұмысының тағы бір бағыты: «МИБ, ПИК және ҚС басқарудың жаңа формалары» тақырыбында диалогтық алаңдар өткізу. Биыл 200-ден астам үй тіркелген «Тұрғын үйлерді күтіп ұстаудың Бірыңғай шоғырландырушы орталығы» ұйымдастырылды және бұл үдеріс жалғасуда. ҚК мүшелерінің ұсыныстары Алматы қаласының әкіміне, Премьер-министрге және ҚР Парламенті Мәжілісіне жолданды.

КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ
ЫҚПАЛЫ

Баспасөз мәслихатында Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің Құрылыс, жер қатынастары, урбанистика, энергетика және сумен жабдықтау мәселелері жөніндегі №2 комиссиясының төрағасы Марат Шибұтов өзі мүше болып табылатын комиссияда тұрғын үйді жаңарту, қаланың бас жоспары және қала құрылысының әртүрлі мәселелерімен айналысатынын айтты.

«Комиссия мүшелерінің жұмысы Түркісіб ауданының тұрғындарының жөндеу жұмыстары аясында салынған үйлерге қоныс аударуына себеп болды. Біз әкімдік пен азаматтардың, оның ішінде 30 жылдан астам уақытқа созылған, апатты тұрғын үйлерге байланысты жағдайға тап болған «Самал-2» ықшамауданының тұрғындары үшін делдалдық қызмет атқарғанымызды атап өткім келеді. Біз тұрғын үйді жаңарту бағдарламасы бойынша өз нұсқамызды дайындадық, оны қала құрылысы кодексінің жұмысы аясында қолданамыз», – деді М.Шибұтов.

Биыл Қоғамдық кеңес мүшелері әкімдіктегі бес басқарманың, қаланы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ететін төрт кәсіпорынның және қаланың сегіз ауданының есептерін тыңдауға қатысты. Тиісінше, ҚК мүшелері өздерінің қызметіне қатысты мәселелерді талқылап қана қоймай, тұрғындардың мәселелерін шешуге тырысты.

МЕКТЕПТЕГІ
МОНИТОРИНГ

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің тағы бір белді мүшесі Рафаэль Гасанов әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссия құрамында. Ол биыл білім басқармасымен бірлесіп балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға мониторинг жүргізілгенін

айтты. Бұл жұмыс келесі жылы да жалғасын табады.

«Алматы мектептеріндегі ыстық тамақ мәселесі бойынша мониторинг жүргізілуде. Комиссия құрамына Тағамтану академиясының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық кеңестің және мәслихат депутаттарының өкілдері кірді. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қызметіне ауқымды мониторинг жүргізілді. Егер бұрын ата-аналар баласын ПМПК-ға жіберу үшін екі ай кезекте тұрса, бүгінде ол мерзім екі аптаға қысқарды», – деді Р.Гасанов.

Ал кеңестің Коммуналдық инфрақұрылым, ұтқырлық, экология, қаржы, активтер және қауіпсіздік жөніндегі №1 комиссиясының төрағасы Борис Жапаров кеңестің жұмысы арқылы азаматтардың маңызды мәселелерді шешу процесіне қатысуға мүмкіндігі бар екенін атап өтті.

«Біз үшін маңызды мәселе – қала билігі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін қамтамасыз ету. Сондықтан тұрғындар неғұрлым шешім қабылдау процесіне қатысып, бақылау мүмкіндігіне ие болса, соғұрлым біз демократиялық мақсаттарға жақындайтын боламыз. Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі 2016 жылдан бері жұмыс істейді және оның негізгі мақсаты тек Алматыда ғана емес, еліміздің басқа өңірлерінде азаматтар арасында демократия құндылықтарын дамыту болып табылады», – деп атап өтті Б.Жапаров.

ЖАСТАР – ҚОҒАМ
НАЗАРЫНДА

Қоғамдық кеңестің құрамында 5 комиссия және комиссиялар жанындағы комитеттер жұмыс істейді. Брифингте атап өтілгендей, комиссиялардың алдына қойылған міндеттерді олардың мүшелерінің күшімен ғана орындау мүмкін емес, сондықтан олардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін арнайы комитеттер, жұмыс және сараптамалық топтар құрылып, сонымен қатар қаланың белсенді тұрғындары тартылады.

«Мысалы, Алматы қаласындағы қоғамдық көлік мәселесі бәрімізді толғандырып отырған өзекті мәселе. Қала тұрғындарынан осы мәселе бойынша көптеген ұсыныс, арыз-шағымдар келіп түседі. Осы және басқа да мәселелерді шешу үшін біз қалалық Мобильділік басқармасымен бірлесіп жұмыс істейміз, оларды іске асыру біздің негізгі қызметіміз деп айтуға болады. Сондай-ақ, қоғамдық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, экология және т.б. мәселелерді атап өтуге болады. Биылдан бастап қала жұртшылығын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске тарту мақсатында Қоғамдық кеңес ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментімен бірлесіп іс-қимыл жоспарын әзірледі», – деді Б.Жапаров.

Көптеген мәселелермен қатар жастар тақырыбы да назардан тыс қалмайды. Бұл бағытта кеңестің Қоғамдық даму, дін, мәдениет, спорт және жастар ісі жөніндегі №4 комиссиясы айналысады.

«Алматыда 680 мыңнан астам жастар тұрады. Жасыратыны жоқ, бүгінгі күні жастар арасында нашақорлық, құмар ойындар тақырыбы өзекті болып тұр. Жастар саясаты жөніндегі комиссияның сарапшылары Үкімет пен Мәжіліске осы мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар жолдады. Сонымен қоса, бүгінде біз спорт нысандары мен алаңдарына мониторинг жүргіздеміз. Кейінгі төрт айда комитет мүшелері балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерін, аулалардағы ойын алаңдарын тексеруде. Нәтижесінде барлық ескерту мен ұсыныстар қалалық әкімдікке, қажет болған жағдайда спорт министрлігіне де жолданатын болады», – деп атап өтті комиссия төрағасы Нұржан Жақыпов.

ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Президент тапсырмасы:
МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ
ҚАЙТАРЫЛДЫ

Пайдаланылмай жатқан және заңнаманы бұза отырып берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы 10 млн гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ



ЖАҢА БАҒЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Бүгіннен бастап Б.Момышұлы метро бекеті мен Әшекеев кенті арасында қатынайтын №244 жаңа қала маңы маршруты іске қосылады.

Айнабай
МӘДИ

Желіде 13 минут жиілікпен 13 жылжымалы бірлік қызмет көрсететін болады. Алматы агломерациясын дамыту аясында биыл қалалық Мобильділік басқармасы 25 елдімекенді қамтитын 10 жаңа қала маңы маршрутын ашуды жоспарлаған болатын. Бұл жолғы іске қосылған бағыты – қала маңына қатынайтын оныншы бағыт.

Бұған дейін 9 бағыт іске қосылған: №216 «Дәулет кенті – Алматы-1 т/ж вокзалы», №223 «Туғанбай кенті – Нұра кенті – Алматы-1 т/ж вокзалы», №232 «Жүздібастау кенті – Алматы-2 т/ж вокзалы», №233 «Қараой кенті – Саяхат», №234 «Еламан кенті – «Алтай-1» ш/а (ВА3)», №235 «Исаев кенті – «Сәлем» базары», №236 «Қарғалы кенті – Төле би/Яссауи бұрылыс алаңы», №240 «Батыр кенті – Адем-1 СУ» мен №247 «Мыңбаев кенті – Төле би/Яссауи бұрылыс алаңы».

2024 жылдың соңына дейін қала маңына қатынайтын 20 жаңа бағытты ұйымдастыру жоспарға енген, бұл 50 елді мекенді қамтамасыз етеді.

Ағымдағы жылдың 20 желтоқсанынан бастап №69 маршрут екі бағытқа бөлінетін болады.

Қызмет көрсету сапасын арттыру және Алатау ауданының «Өжет», «Ұлжан» шағынаудандарында тұратын қала тұрғындары мен жолаушылардың жол жүру уақытын азайту мақсатында Алматы қалалық Мобильділік басқармасының шешімімен №69 маршрут екі бағытқа бөлінді: №69 «Жетісу» базары – «Өжет» ш/а мен №75 «ТПК Өжет – Рахат кондитерлік фабрикасы». №69 маршрутта 10 минут жиілікпен 14 автобус, ал №75 маршрутта 13 минут жиілікпен 10 автобус қатынайтын болады.

Аталған бағыттарға «Думан Транс Сом 20» ЖШС тасымалдаушысы қызмет көрсетеді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК

ҮШ ЖАҢА САЯБАҚ АШЫЛАДЫ
Ол жоспарда бар жүйелі іс

Мыңжылдық тарихы бар Алматының ажарын айшықтай түсу үшін жыл сайын түрлі іс-шаралар атқарылып жатқаны баршамызға белгілі. Халық игілігі үшін биыл да біршама жұмыстар қолға алынды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қалалық Экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының хабарлауынша, биыл Алматыда ауданы 64,8 га болатын 6 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Олар Оқушылар сарайы, ҚБТУ, Байсейітова көшесі, Желтоқсан саябағы, «Көкмайса» ықшамауданы, әуежайдың Даңқ алаңы. 2024 жылы Сайран көлінде жаңа жасыл қоғамдық кеңістік ашылды, жұмыс 2025 жылы аяқталады.

«Өжет», «Кемел» ықшамаудандары мен Боралдай өзенінің бойында 3 жаңа саябақ салу қарастырылуда. Сондай-ақ, қолданыстағы 3 саябақ аймағын – Баум тоғайы, ҚР Тұңғыш Президенті саябағы мен Үлкен Алматы өзенінің жағалауын қайта жаңартып, абаттандыру жоспарда бар.

Нәтижесінде 2022-2023 жылдары саябақ аумақтарының ауданы 397 гектардан 977 гектарға дейін кеңейтіліп, 2024 жылы 1080 гектарға дейін ұлғайтылмақ.



ЭКОНОМИКА

ЖҰМЫС ТА,
ЖҰМЫСШЫ ДА БАР2023 жылдың 9 айында 79,5 мың
жұмыс орны құрылды

Алматыда еңбек нарығындағы жағдай жақсарды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мамандарының хабарлауынша, 2023 жылғы III тоқсанда жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ға дейін қысқарған. Ал 2022 жылы 5,0%-ға төмендеген. Бұған 79,5 мың жұмыс орнын құру ықпал етті. Оның 80%-ы тұрақты, жалпы саны 62,7 мың. 2022 жылы 57,5 мың жұмыс орны құрылып, оның 70%-ы тұрақты, жалпы жұмыс орны 40,2 мың.

Айта кетерлігі, ағымдағы жылы «ИТП» АЭА-да 15 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылды. 1200 жұмыс орны құрылды. 39 компания жаңа қатысушы ретінде қабылданды. Жобаларды іске асыру үшін ауданы 15 га 7 жер учаскесі бөлінді.

Жалпы, 2023 жылдың қорытындысы бойынша қала экономикасының өсуі 6,5%-дық деңгейге жетеді деп күтілуде. Бұл көрсеткіш 2022 жылғы 5%-ды құраған болатын.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Әлеуметтік қолдау көрсету – мемлекет міндеті

Алматының Ұлттық баспасөз клубында «Алматы қаласында халықты әлеуметтік қолдау туралы» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Жиында Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов, Әлеуметтік төлемдер бөлімінің басшысы Гүлнара Мұхаметова, Тең мүмкіндіктер бөлімінің басшысы Аманат Сұлтанғазиев және Мансап орталығының жетекшісі Әділет Жаңабаев спикер болды.

Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов халықты әлеуметтік қолдау бағытында қандай іс-шаралар орындалып жатқанын айтты. Басқарма басшысы биыл мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдауға бөлінетін бюджет жыл сайын артып келе жатқанын атап өтті.

– 2023 жылы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдауға 13,2 млрд теңге бөлінді. Жалпы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдауға бөлінетін қаржы қаражатының көлемі жыл сайын артып келеді: 2020 жылы – 4,6 млрд теңге, 2021 жылы – 5,2 млрд теңге, 2022 жылы – 7,9 млрд теңге болды. Бүгінгі күні мүгедектігі бар 39 426 адам жеке реабилитация және оңалту бағдарламасының әлеуметтік бөлігіне сәйкес техникалық құралдармен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз ету үшін бізге жүгінді. Олардың ішінде 34 334 адам қажетті оңалту құралдарымен қамтамасыз етілді және қажетті қызметтерді ала алды. Бұл өтініш берген адамдардың 87,1%-ы. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 90%-ға жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Сондай-ақ, Бауыржан Жаубасов «Алматыда инклюзивті орта құру» жоспарына



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

байланысты нақты атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

– Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының Жол картасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды іске асыру шеңберінде «Алматыда инклюзивті орта құру» бөлімі бойынша мүгедектігі бар адамдарды мемлекеттік сатып алу арқылы жеке тапсырыс бойынша инновациялық техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Атап айтқанда, қазірге дейін мемлекеттік сатып алу арқылы оңалтудың инновациялық техникалық құралдарымен 430 адам қамтамасыз етілді, – деді Б.Жаубасов.

Ал Тен мүмкіндіктер бөлімінің басшысы Аманат Сұлтанғазиев «Тен Qogam» орталықтарында 4155 адам жүгінгенін мәлімдеді.

– Мүгедектігі бар адамдарға және жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балаларға қалада «Инватакси» қызметтері ұсынылады. «Инватакси» қызметі қалада 100 автокөлікпен мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс арқылы жүзеге асырылады. Айта кеткен жөн, биыл «Яндекс такси» такси агрегаторы арқылы пилоттық жоба іске қосылды, бұл қызметке мұқтаж адамдарды қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, 2020 жылдың мамыр айынан бастап мүгедектігі бар адамдарды жан-жақты қолдау және оларды қоғамға интеграциялау үшін қала-

да «Тен Qogam» әлеуметтік қолдау орталығы жұмыс істейді. Жыл басынан бері «Тен Qogam» орталықтарында 4155 адам қызмет алды. Ал осы жылдың 3 желтоқсан күні Халықаралық «Мүгедектер күніне» орай «Мүмкіндіктер уақыты» әлеуметтік форумы өтті. Форумға барлығы 300-ден астам адам қатысты, – деді ол.

Конференция барысында қалада кәсіпкерлікті қолдау үшін қандай бағдарламалардың іске асырылып жатқаны да айтылды. Бұл туралы Мансап орталығының жетекшісі Әділет Жаңабаев баяндады.

– «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» шеңберінде жастарға шағын несие беру бағдарламасы бар. 21–35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлерді 5 жылға дейін жеке кәсіппен айналысатын жастарды қолдау шаралары көрсетілген. Ол үшін жастар 5 жылға дейін жеке кәсіпкер атануы қажет, сонда 2,5%-бен шағын кәсіппен айналысуға несие беріледі. Одан бөлек, өзіміздің Мансап орталығы жүзеге асыратын мемлекеттік грант бар – 1 млн 380 мың теңге. Оған осал топ мүшелері: мүгедектігі бар жастар, 35 жасқа толмаған көпбалалы ата-аналар, аз қамтылған отбасылар, мүгедек баланы асыраушы жас ата-аналар, қандастар қатысады. Биыл бұл жоба бойынша 375 адам мемлекеттік грант алды. Оған 517 миллион теңге жұмсалды, – деді Мансап орталығының жетекшісі Әділет Жаңабаев.

АБАТТАНДЫРУ

«Халық қатысатын бюджет–2023» бағдарламасының 1 кезеңін іске асыру аясында Әуезов ауданында 16 бос учаскені абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Олардың арасында «Тау Самал» ТК үшін Үлкен Алматы өзенінің батысындағы бос учаске жаяу жүргіншілер аймағы ретінде және Щепетков–Сәтбаев көшесіндегі жаяу жүргіншілер тротуары абаттандырылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Тау Самал» ТК артындағы учаскеде 1300 м² аса төсемдерден тротуарларды жайластыру бойынша жұмыстар жүргізілді, 45 дана көлемінде жаңа жарықтандыру қамтамасыз етілді, кіші форматтағы пішіндер, 8 урна және 7 орындық орнатылды, сондай-ақ воркаут және балалар



АУМАҚ КӨРІНІСТЕРІ ЖАҚСАРАДЫ

Әуезов ауданында ұлттық стильде жарықтандырылған арт-объект орнатылды

ойын аймағына арналған алаң, сондай-ақ үй жануарларын серуендетуге арналған алаң құрылды. Абаттандыру аясында 9 мың шаршы метрден астам көгалдандыру жүзеге асырылды және жасыл желектерді суару автоматтандырылды.

Щепетков–Сәтбаев көшесі ұлттық нақышта жаңарды. Мұнда жарықтандыру жақсарып, 2 қоғамдық көлік аялдамасы жаңғыртылды, 2300 м²-ден астам іргелес аумақ көгалдандырылды, 5 дана және 11 орындық, 15 урна мен болардтар қойылды, сондай-ақ 350 м²-ден астам төсеніштерден жасалған тротуар орнатылды, ұлттық ою-өрнектер стилінде жаңа сәндік шамдар орнатылды.

Бұдан басқа, биыл №5, №6, №1 ықшамаудандардағы жаяу жүргіншілер аймағын жайластыра отырып, бос учаскеге жөндеу жүргізілді. №1 ықшамаудандағы №27 және №6 мектептер арасындағы, №5 үйден жоғары, №27 және 29 үйлердің арасында жаяу жүргіншілер аймағын жайластыра отырып, Айрих көшесінен №29 ДС-ге дейін, Жандосов көшесінің оңтүстігінде, Сүлейменов көшесінің шығысында жаяу жүргіншілер аймағын, Жандосов көшесінің бойымен Алтынсарин даңғылы мен көше арасында. Науаи, Щепкин

көшесі бойынша Батыс, Тоқтабаев көшесінің солтүстігі жаяу жүргіншілер аймағын, «Таугүл» ы/а № 38 үйдің жанында, Аманжол көшесі (Саин көшесі Шалыпин көшесінің оңтүстігі) жаяу жүргіншілер аймағын жайластырып, «Ақсай-3Б» №29 үйдің жанында, Шалыпин көшесінің солтүстігіндегі бос учаске шағынауданға кіру. 12 ш/а. Ақсай-5, №15 үйдің жанында, №9 ш/а иттерді серуендетуге арналған бос учаскені ағымдағы жөндеу, «Мамыр» шағынауданындағы баспалдақты ретке келтіру.

Қазіргі уақытта құжаттарды қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, «Жақсылық ой» ҚБ мердігерлік ұйымы 4 жерасты жаяу жүргіншілер өткеліне жөндеу жүргізді. Металл конструкциясын (поликарбонат) ұлғайтып, шатырды, жарық шамдарын ауыстыру, бейнебақылау орнату, металл конструкциясын сырлау, кабельдерді ауыстыру, қабырғалар мен арық бұрмаларды қалпына келтіру, қаптау плиткаларын қалпына келтіру (рихтау) бойынша жұмыстар жүргізілді, қабырға гранит плиталары ішінара ауыстырылды, гидроокшаулау жүргізілді, сондай-ақ арт-суреттер қолданылды.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ
АВТОСУАРУ
төрт есеге ұлғайды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен осы жылдың қаңтар айында жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау жөнінде жаңа ереже қабылданды.

Айнабай
МӘДІ

Соның нәтижесінде 2022 жылдың басымен салыстырғанда, автосуарумен қамту 4,4 есеге, яки 587 гектарға дейін ұлғайды. Өткен жылы 132 га аумақты қамтыған еді. Автосуару үшін 34 скважина мен су қабылдағыш салынды. Бұл туралы Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы хабарлады.

Қаланы көгалдандыру үшін жыл басынан бері 276 мың ағаш пен бұта отырғызылды. Санитарлық мақсатта 2,3 млн ағаш өңделіп, апатты жағдайдағы 14,5 мың ағаш кесілді. Нәтижесінде 2023 жылы жасыл кеңістіктер бір адамға шаққанда, 11,3-тен 12,3 шаршы метрге дейін артса, 2024 жылы бір адамға 12,8 шаршы метрге дейін ұлғайту жоспарда бар.





ТАРИХИ ТАНЫМ

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

біздің қасиетті де қастерлі құндылығымыз

1991 жыл – Қазақстанның тарихы мен тағдырындағы ең елеулі, аса маңызды жыл. Тәуелсіздік дәуірінің жыл санауы осы жылдың 16-шы желтоқсанынан басталады. Себебі, дәл сол күні «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданды. Дәл сол күні Тәуелсіздік таңы атты. 1991 жыл қазаққа өшкен жанып, өлген тірілгендей қуанышты жыл болды. Қазақстанның Тәуелсіздік күні – жыл сайын 16 желтоқсанда атап өтілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесі. Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 32 жыл толып отыр.

Жаңа заманға қадам басқан күн

Адамзат тарихы үшін, отыз екі жыл аз уақыт көрінгенімен, біздің халқымыз үшін осы бір тағдырлы уақыт межесі отыз ғасырға татиды. Біз сан жылдар бойы ата-бабаларымыз аңсаған, сол жолда қанын төгіп, жанын құрбан еткен бостандыққа қол жеткіздік. Жаңа заман келіп, жарық күн туып, нұрын шашты, темір құрсаудан шықты. Күрмелген тіл, байланған жол ашылды. Ауыздағы қақпақтан, аяқтағы тұсаудан арылды. Армансыз еркін сөйлесіп, ой-пікірімізді ашық айтуға қол жеткіздік. Ел еркі өзіне тиді. Ел тізгіні өз қолымызда. Өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болдық.

Ұлы Дала төсінде көк байрағы желбіреген, төрткүл дүние түгел мойындаған. Біріккен Ұлттар Ұйымындағы барлық мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең Қазақ мемлекеті салтанат құрды. Бұл барша қазақстандықтар үшін көңіл толқытар, жүрекжарды ұлы оқиға әрі баға жетпес құндылыққа айналды.

*** Тәуелсіздікке бастайтын жолды ашып берген маңызды саяси құжат 1990 жылы 25 қазан күні қабылданып, жарияланған «Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» еді. Ол конституциялық маңызы бар тарихи оқиға болды.**

КСРО ыдырап, тәуелсіздікке аяқ басқан шақтағы өтпелі кезең өте қиын болды. Жас, буыны қатпаған мемлекеттің алдында алынбас қамалдай болып, орасан зор проблемалар тұрды. Дегенмен, «Асу бермес асқар жоқ» деген біз тәуелсіздік жылдары алдымызда тұрған небір бөгеттер мен үлкен белестерден өттік, көптеген қиыншылықтарды еңсердік. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ елі жұртының ауызбіршілігі басқа жұрттан артық болмаса, кем болған жоқ. Әлімізге және заман ыңғайына қарай бағыт ұстап, қолымыздан келген жұмысымызды істей бердік. Аптықпай, асықпай, о жақ, бұ жаққа қарап, сабыр-салмақпен қадам бастық. Қасымыздағы көршілерімізбен арамды араздық болмай, өтпелі кезеңді ойдағыдай еңсердік. Ел іші шиеленіспей, тыныш болды. Бүліншілікке түсірген оқиғалар болған жоқ.

Мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында айтқандай: «Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек».

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Қол жеткен тәуелсіздіктен, алған азаттықтан айырылып қалмалық деп, орасан зор қайрат көрсетуіміз керек. Оны көзіміздің қарашығындай қорғауымыз, сақтауымыз және одан әрі нығайтуымыз қажет. Бәрімізге мәлім, бүгінгі күні дүние отқа оранып тұр. Сондықтан қай кезде болмасын қаруымыз қайраулы, атымыз байлаулы болуы керек. Ұйымдасып, бір жағадан бас, бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, еліміздің одан әрі күшеюіне қызмет қылалық. Қазіргі бір күн бұрынғы жүз жылдан қымбат.

Азаттық жолындағы арпалыс

Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілуге тиіс. Азаттық таңын өз көзімен көрген алдыңғы буын болмаса, кейінгі жастар өткен ғасырдың 90-жылдарындағы тарихи оқиғалардың тереңіне



бойлап, мәнін жете түсіне бермейді. Тәуелсіздікке тағдырдың бере салған сыйы ретінде қарайды. Шын мәніндегі ахуал олай емес.

Қазақ халқының өткен дәуіріне айналып қарасақ түрлі зұлматтар мен нәубеттерді және ауыртыпалықтарды бастан кешіргенін көреміз:

- *Қазақ-қалмақтың жасауласқан заманы.*
- *Ақтабан шұбырынды.*
- *Ресейге бағынған шағымыз.*
- *Қоқан езгісі.*
- *1867-1868 жылғы жаңа заңның шығуы.*
- *1917 жылғы Қазан төңкерісі.*
- *Кеңестік зорлық-зомбылық.*
- *1930-1933 жылдардағы ашаршылық.*
- *Сталиндік жаппай саяси қуғын-сүргін.*
- *Фашизммен соғыстағы қырғын.*
- *Авторитарлық жүйе құрбандары.*

Міне, қазақ халқының басынан осындай қасіретті, қайғылы замандар өтті. Соған карамай қазақ халқы ұлт азаттығы жолындағы күресті бір күнде тоқтатқан жоқ. Сол жолда «күндіз отырмады, түнде ұйықтамады».

Бұл бір, екіншіден, сол кездегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да жағдайларға байланысты тағдыршешті мәселелерді жеті рет емес, жетпіс рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр болдық. Біз тығырықтан шығар жолдың санылауы да көрінбейтін қиын күндерден қактығыс пен қантөгіске ұрынбай аман шығып, ешкімге есемізді жібермей, жаңа сипаттағы Қазақ мемлекетін құрдық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ мұны әрдайым біліп отыруы керек. Патша және Кеңес үкіметінің неше түрлі қиянатын, зорлық-қорлығын басынан кешірген біздің қазақ халқына мұнан қуанышты оқиға өңі түгіл түсіне де кірмеген болатын.

Ұлттық болмыс:

тарихи сананы жаңғырту

Иә, шынында да солай. Сондықтан қазіргі және кейінгі ұрпаққа Тәуелсіздік дәуірінің тарихын, мәнін, маңызын, бар шындығы мен қыр-сырын жан-жақты ашып көрсету, ұғындыру, түсіндіру бүгінгі тарихшы-ұстаз, педагог және ғалымдардың алдында тұрған маңызды міндет. Сол үшін Отанымыздың ежелгі және орта-ғасырлардағы тарихымен қатар Қазақстанның жаңа тарихын да жүйелі зерттеген жөн. Осы бағытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тарих факультетінде осыған дейін де іргелі жұмыстар жүргізіліп жатса, енді профессор-оқытушылар құрамы бұл мәселеге ерекше назар аударып, білім беру және зерттеу арнасын одан әрі кеңейте түсті.

Бұл – ұлт тарихын дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе және тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйіні болып табылады. Тарихи білім – ұлттық сананың негізі. Адам патриот болу үшін өз тарихын білуі керек. Тарихты білмеген адамның табаны тайғақ, көкірегі бос болады. Мұстафа Кемал паша Ататүрк айтқандай: «Тарихты жасаудан, тарихты жазу қиын». Дегенмен, әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуы тиіс. Президент айтқандай, бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды.

Әлемді мүдде билейді. Әрине, мүдденің деңгейі әртүрлі: жеке адамның мүддесінен бастап, ұжымдық, топтық және ұлттық мүддеге дейін. Соның ішінде ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған тарих ұрпақтың санасын оятып,

жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын шет елдерге, бүкіл әлемге таныту қажет. Ол үшін өз жерінді, елінді, мәдениетінді, салт-дәстүрінді тану, өзіңді өзін тану қажет. Ал өзін өзі тани алмаған халық өзін өзгеге таныта алмайды.

Бір халықтың қайдан тарауы, өсіп-өнуі, рәсімі, мінезі, тіл, әдебиеті – осының әрқайсысы тарих мәселелері, барлығын жиғанда – сол халықтың тарихы. Тарихын жоғалтқан халық – жоғалған халық. Кемелгер билер, кең ойлы ерлер, топ жарған шешен, тайпалған ақын бізде болған. Тақпақсыз, мақалсыз бізде сөз сөйленбеген. Кең дүниеде қызық дәурен кешіріп, ұлы дүбір, шаршы топта сөз бәйгесіне қосылып, жүлде алған жұртпыз. Міне, осындай бұрынғы ұлттық қазынамызды, құндылықтарымызды сақтамасақ, жоғалтамыз. Халық ғұмыры ұзын, неше жүз, неше мың жылдар өткенде, кезінде жазылмаған, жиналмаған нәрселер бірте-бірте өзгеріп, тозып, ұмытылып бітуі ықтимал. Сондықтан бұл жолда қызмет жасаушы, оларды сақтап, зерттеп, жазушы, халыққа, келешек ұрпаққа жеткізуші тарихшы мамандардың қадір-құрметі аса жоғары боларға керек.

Тәуелсіздік негізі – әділеттілік

«Адал азамат» мұраттарын бойына сіңірген талантты, еңбекқор, мақсатты жастарға мемлекет әрқашан қолдау көрсетеді. Үстіміздегі жылдың жаз айында түгел түркінің темірқазығы Түркістанда Ұлттық құрылтайдың екінші жиыны өткені белгілі. «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналған іргелі іс-шарада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар маңызды мәселеге тоқталды. Соның ішінде адал азамат қандай болуға тиіс деген өзекті сұраққа өз көзқарасын білдірді. «Елімізде жаңа қоғамдық этика қалыптасуы керек. Онда елдің бірлігі және тұрақтылығы, азаматтардың өзара тілектестігі, әділдік, заң мен тәртіп, сенім және жауапкершілік сияқты құндылықтар үстемдік құруы қажет. Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс. Осындай ізгі қасиеттің бәрі бойына сіңірген жанды адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады», – деген еді Мемлекет басшысы сол Ұлттық құрылтайда.

Мемлекет басшысының бұл сөзінен шығатын қорытынды: бар халық ұштасып-жалғасып, ұйымдасып, қоғамдасып, ынтымақпен елге тек пайдалы болғандай, қайсысының да болса пайдасы табылғандай іс қылу керек. Тәуелсіздіктің негізі – әділдік. Басқалармен қатар, дамыған, алдыңғы қатарлы елдермен қатар жүрт боламыз десек, Әділетті Қазақстанды құрып, Адал азамат боламыз десек зорлық-зомбылықты, ұрлық-қарлықты, өтірік жала жабуды, жемқорлықты қойып, дұрыстық жолымен іс қылу керек.

Ең бастысы – еліміздің тыныштығы мен бүтіндігі

Еліміз өз дамуында қуатты серпіліс жасау қажет кезеңге аяқ басты. Біз экономиканы құрылымдық қайта құру, саяси жүйені одан әрі жаңғырту, шын мәнінде әділ және инклюзивті қоғам құру бойынша өрішті мақсаттар қойып отырмыз. Бұл жерде білімге инвестиция салу және азаматтардың өзінің қабілетін іске асыра білуіне кең мүмкіндіктер жасау ерекше маңызға ие. Еліміздің барлық жас мамандары, жалпы бүкіл ел азаматтары Қазақстанның ауқымды және жан-жақты өзгеруіне барынша үлес қосуы қажет. Ең бастысы – еліміздің тыныштығы мен бүтіндігі, бірлік пен ынтымақ болу. Бак, береке – бірлікте!

Туған Отанымыздың болашағы жарқын да жасампаз болатынына кәміл сенеміз. Мемлекет басшысы айтқандай, «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат». Атамекен – Қазақстанның Тәуелсіздігі мәңгілік болсын! Халқымыз аман-есен, көк аспанымыз ашық, тірлігіміз бейбіт те берекелі болсын!



Сабырхан СМАҒҰЛОВ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»



ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТА БЕРЕДІ

Тәуелсіздік күні аясында «Қазақстан мен Ресейдің ғылыми-академиялық ынтымақтастығы: жағдайы мен болашағы» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті.



Гүлжанат СЕМБАЕВА



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ғылыми іс-шараны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты мен Ресей Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар жөніндегі ғылыми ақпарат институты ұйымдастырды.

Отырыс барысында Қазақстан мен Ресей арасындағы ғылыми-академиялық саладағы екіжақты ынтымақтастықтың ауқымды мәселелерін талқылап, саясат пен мәдениеттегі өңірлік процестерді дамытудың жолы айтылды.

«Дөңгелек үстелде» ФСДИ Бас директоры, ҚР ҰҒА Бірінші Вице-президенті Серік Сейдуманов, Ресей Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар жөніндегі ғылыми ақпарат институтының Таяу және посткеңестік Шығыс бөлімінің меңгерушісі В.А.Аватков, ФСДИ Саяси зерттеулер орталығының басшысы Айдар Әміребаев, т.б. ғалымдар баяндама жасады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдар ӘМІРЕБАЕВ, ФСДИ Саяси зерттеулер орталығының басшысы:

Осы жылда біздің институт сыртқы саясатқа көбірек көңіл аударды. Биыл бірнеше елден делегация келіп, ғылым турасында ұсыныстарын білдірді. Келісім-шартқа келіп, маңызды бастамаларды қолға алдық. Бүгін Ресейден келген делегация өкілдерімен конференция өтті. Кездесуде халықаралық, ғылыми ортақ мәселелерге сараптама жасалды.

Жақында Астана қаласында Орталық сайлау комиссиясының 30 жылдығы атап өтілді. Соған орай институт ерекше зерттеу еңбегін шығарды. Қазақстанның сайлау жүйесі туралы кітапты Ресейден келген әріптестерге таныстырдық. Келесі жылы Ресейде Президент сайлауы өтеді.

Екі елдің сайлау жүйесін салыстырып, тағы бір еңбек дайындау жоспарда бар.

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

ҒАЖАЙЫП ОЙМА СУРЕТТЕР

Мал терісіне бедер салған Құттыбек Жақып «JaQut» атты көрмесін Тәуелсіздік күніне арнады



Нұржамал
ЭЛШЕВА

«АҚСҰҢҚАР»

Қойдың, сондай-ақ өзге де тұяқты үй жануарларының терісін тұтас күйінде пайдаланып, оған түрлі тақырыпта бедер, «ойма сурет» салу – Құттыбек Жақыптың дербес шығармашылық өнертабысы, патенттелген техникасы.

Сәл шегініс. Қазақ өнерінің тұтас бір дәуірін сөз еткенде Құрасбек Тыныбеков есімін атамау мүмкін емес. Ол – Қазақстандағы ұлттық гобелен өнерінің негізін қалаушы. Бүгінгі кейіпкеріміз сол Құрасбек Тыныбековтей тұлғаның бауыры. Суретші бір сұхбатында: «Мен көп нәрсені үлкен ағам Құрасбектен үйрендім. Ол, сөзсіз, менің өнердегі ең басты ұстазым. Ал бүгін дәстүр жалғастығымен ағам негізін қалап кеткен өнерге өз үлесімді қосып, ұлттық қолданбалы өнердің заманауи әлемде өрістеуіне атсалысып жатырмын», – дегені бар.

«JaQut» көрмесі орналасқан залдың есігі айқара ашылғанда, алдымыздан берекелі, образға бай, қазақтың бітім-болмысын паш ететін қанық түсті ғажап туындылар жарқ етті. Өнертанушылардың айтуынша, Құттыбек Жақып туындыларында петроглифика жетекші орынға ие. Картинаның бір кеңістігінен тұтас әлемді – адамдарды, жануарларды, сондай-ақ тылсым күш саналатын Күнбейнелі Құдайды көреміз.

«Табыну» панносында құшақ ашып тұрған бұл бейне туындының дәл ортасында орналасқан. Күнбейнелі Құдай образы «Ақсұңқар» туындысында да кездеседі. Ол композиция шеңберінің ортасында тұр және ақ құс денесінің түйіні, күн шашақты өрімі болып келеді. Дискті пыраққа мінген бес салт атты ұстап тұр. Сұңқардың бас жағында олжасын қыса ұшып, еркін қалықтаған құстар көрінеді.

«ҚҰС ЖОЛЫ»

«Құс жолы» деген тері панно композициясында қою қара аспанда сан жұлдыз жарқырай, жымындап тұр. Ондағы бұралаң ақ сызықтар шокжұлдыздар образын бейнелейді. Аспанда халық фольклорында жоғарғы әлемді танытатын образдар – ашық түсті құстар ұшып жүр.

«Құс жолы» панносының арғы жағына суретші «Түйелер салтанаты» атты көркем суретін салған. Бұл – стильденген көпфигуралы композиция. Өмір салтанаты, мейрам, шаттық секілді адами сезімдерді сезінуге болады. Бұл жердегі элементтердің барлығы адамдар, андар, құстар, киіз үйлер мен мазарлардың әсем пластикасының тұтастығын құрап тұр.

«Отбасы» панносы да көз қуантады. Үш ірі бейне – бір ер адам мен шеттегі екі әйел пішіні бейнеленген шеңбер композиция орталығы. Дөңгелек табанында аңыз бойынша түркілердің түпкі тегі саналатын қасқыр бейнесі көрініс тапқан. Туындыдағы басқа кейіпкерлер: аспанға ақ жамыл-

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнер суретшісі Құттыбек Жақыптың «JaQut» атты жеке көрмесі ашылды. Көрме еліміздің Тәуелсіздік күніне арналған. Өнердің өз өкілдері жиналған мәдени іс-шарада суретшінің шығармашылығына арналған «Құттыбек Жақып» альбомы мен «JaQut» каталогының тұсауы кесілді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ғыларын серпіп жатқан әйелдер, қарулы салт аттылар, аң аулау сәттері, тотемдік андар мен құстар кіші өлшеммен берілген. Бұл бейнелердің барлығы композицияның бас кейіпкерлері бейнеленген орталық бөлікті толықтырып тұр.



«ҚАНСОНАР»

«Бақыт» атына сай лирикалық көңіл күйге толы көрінді бізге. Онда әр таңның, әр күннің махаббат, сенім, қуаныш, шаттық сияқты адамға тән нұрлы сезімдері соншалықты тазалықпен көрсетілген.

«Жеңіс» шығармасынан қолындағы найзасын басынан асыра ұстап тұрған жеңісті бейнелейтін әйелдің монументтік образын көресіз. Әйел жеңіліс тапқан, аузын ашып ақырып тұрған жыртқыштың үстінде тұр. Бұл жерде композиция орта-

сында күн символы бейнеленген. Бірақ жеңімпаз әйел мүсіні алдыңғы планда берілген, күннен әлдеқайда үлкен көрінеді. Айнала шаттық пен қуанышқа толы. Салт атты ерлер мен әйелдер бейнеленген. Бұл образдардың бәрі көптен күткен жеңісті бедерлеп тұр.

«Қансонар» туындысында түгі қысқа қырқылған терінің ақ барқыт фонында ат үстіндегі аңшының үлкен мүйізді бұғыны қуып келе жатқан қара түсті сұлбасын көреміз. Жетегінде тазысы бар. Аспанды шарбы бұлттар көмкерген. Күн де ерекше жарқырап тұр. Аспан шегі толқын сызықтармен қар жамылған далаға ұласады.

«ОЙЛАН!»

Құттыбек Жақыптың гобелендеріне де жарқындық, ашықтық тән. Туындыларының көпшілігі фактуралық сипатымен, гобелен бетінің қосымша сәндік бедерленіп әрленуімен ерекшеленеді. «Алыптар күресі», «Жеңімпаз», «Жылан арбаушы», «Шағылыс» сияқты гобелендерінде фон мен нақыштың тең дәрежелі болуымен сипатталатын қазақ оюы композициясы принципіне жүгінеді.

Суретші ғажап гобелендермен қатар, баяғы әжелеріміздің ізімен, текемет, киіздерді қол әдісімен жасаудың көне технологиясымен ыстық күйде басу техникасы арқылы үлкен көлемді киіз паннолар жасап шығарды. Олардың арасынан қазақ оюы мотивтері стилистикасында орындалған «Аударыспақ», «Күрес», «Ойлан!», «Көктем», «Күз», «Темірқазық», «Құс» композицияларын ерекше атап өтуге болады. Мәселен, «Құс» гобелені арқарлар мен құстардың стильденген бейнелерінен тұрады. Бір қарағанда, қанатты құстардың адамдарға айналып кетіп жатқанын байқауға болады.

Жақұттай жарқыраған «JaQut» көрмесінде Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің директоры Гүлайым Жұмабекова, директордың көрме істері және сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары Мөлдір Бигелдиева, Оңтүстік суретшілер ақсақалы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, суретші Насыр Рустамов және Қазақстанның колөнершілер одағының төрағасы Айжан Бекқұлова сөз сөйлеп, кейіпкер атына жылы лебіздерін арнады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Наталья БАЖЕНОВА, өнертанушы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, «JaQut» көрмесінің кураторы:

СУРЕТШІ ДАРЫНЫ МЕН ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ

Автордың теріден жасалған сәндік паннолары монохром түстер гаммасына үйлес салмақты өң берер палитраға ие болуымен ерекшеленеді. Табиғи түктің түсі мен фактурасын өз ыңғайына пайдалана білген автор бейнелердің шынайылығын нақтылап бекіте түсті. Өнердің бұл түрін шартты түрде «теріге ойма сурет салу» (ойма сурет) деп атауға болады. Ойындағы бейнені түсіру үшін суретші кей тұста қажетсіз түкті қырқып, кейде алып тастап, бірде қысқартып не өз қалпын сақтай отырып бедерлі суреттер жасайды. Суретшінің туындылары көз арбайды. Суретші секілді көрермен де бұрыннан бар нәрсенің жаңа қырын байқап, бейнесін танып білгендей күйге түседі. Жұмыс кезінде ол терідегі түкті мәнерлеп қиып қана қоймай, теріні бояуға арналған бояумен түсін күңгірттендіреді, сондай-ақ акрил және майлы бояуларды пайдаланады. Немесе былғарының табиғи түсін келтіру үшін кей тұсының түгін қалдырып, кей пұшпағындағы түкті түгел қырқып тастайды. Нәтижесінде ғажайып образдар дүниеге келген.

Өнерге тыңнан түрен салған Құттыбек Жақыптың мал терісіне бедер салуы – суретші дарыны мен еңбегінің жемісі. Енді осы табиғи материалдың суретші қиялымен заманауи интерьерді көріктендірер сәндік-қолданбалы өнер қажетін өтейтін, авторлық төлтума бұйымға айналғаны ғажап жетістік.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖЕҢІС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қазақстан құрамасы әлем чемпионатына жолдама алды

2024 жылы 14 қыркүйек пен 6 қазан аралығында Өзбекстанның Ташкент қаласында футболдан әлем чемпионаты өтетіні белгілі. Бұрнағы күні Астанада Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында осы жаһандық доп додасының элиталық іріктеу турнирі аясында Қазақстан мен Нидерланд құрамалары кездесті.

Қазақстан ұлттық құрамасына қолдау көрсету үшін Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайына бұл күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы барды. Ойын барысын тамашалауға барған кәсіпқой бокстан WBO, IBF тұжырымдары бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы, «Қазақ стилін» әлемге мойындатып жүрген Жәнібек Әлімханұлы Президентке бокс қолғабын сыйға тартты.

Бұл ойында ұлттық құрама жеңіске жетіп, жанкүйерлерінің ризашылығына бөленді. Матчтың алғашқы минутына Біржан Оразов есеп ашса, іле-шала жетінші минутта Дуглас Джуниор есепті еселеп, ойын 2:0 есебімен аяқталды. Осылайша қазақстандықтар іріктеу турнирінің соңғы айналымының нәтижесіне қарамастан, әлем чемпионатына жолдаманы ұтып алды.

Іріктеу турнирінде Румыния, Әзербайжан және Нидерланд құрамаларымен бірге А тобына түскен Қазақстан құрамасы осыған дейінгі ойындардың қорытындылары бойынша көш бастап тұр. Енді жерлестеріміз әлем чемпионатының іріктеу кезеңіндегі соңғы ойынын 20 желтоқсанда Румыниямен өткізбек. Алға, Қазақстан!

Әлемдік дода жолдамалары элиталық раундтағы бес топтың жеңімпаздарына бұйырмақ. Ал екінші орын алған төрт үздік команда плей-офф матчтарында сынға түседі, жеребе 2024 жылы 25 қаңтарда тартылмақ. Жаһандық біріншіліктің жолдамасы үшін қалған екі матч 2024 жылғы сәуірге жоспарланған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: t.me/aqorda_resmi).



КЕЗДЕСУ

Тәуелсіздік күніне орай №122 жалпы білім беретін мектеп оқушылары Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Еңбек Ері Мұхтар Шахановпен кездесу өтті. Іс-шараның мақсаты – ақын шығармаларымен оқушыларды сусындатып, рухани байыту.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ ҚОНАҚТА БОЛДЫ

Мұхтар Шаханов мектеп оқушыларымен кездесу өткізді



Ернұр
РЫСБАЙ

Мұхтар Шаханов – Қазақстанның халық жазушысы, драматург, ақын, кезінде КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі қызметін атқарған. Жаһанға әйгілі бірнеше шығармасы әлем мойындаған туындылардың қатарында. М.Шахановтың «Өркениеттің адасуы», «Жазгер жады космоформуласы» атты шығармалары ЮНЕСКО шеңберінде қаралып, әлем қызу талқылаған туындылар. Жазушының қаламынан шыққан туындылар дүние жүзінің 50-ден астам тіліне аударылып, халық көңілінен шыққан.

Кездесу барысында Мұхтар Шахановтың әндері мен сөздеріне жазылған шығармалар орындалды. Жиын басталар алдында оқушылар жазушының суреті салынған жейдешелермен күмбірлете күй тартып күтіп алды. Іс-шара барысында

ақын кітаптарына ізгі ниетін жазып, қолтаңба қалдырды.

Тәуелсіздік күні қарсаңында ұйымдастырылып отырған іс-шараға ата-аналар, ұстаздар, мектеп оқушылары қатысты.

– Бүгінгі іс-шара тарихи естелік десек, артық емес. Себебі, қазақтың басына біткен бағы, ұлт жанашыры М.Шахановтың шығармалары ешқашан да өзінің маңызын жоғалтпақ емес. Қазақ даласына ғана емес бүкіл әлемге шығармалары арқылы танылған жазушыны біздің қара шаңырағымызда көріп отырғанымызға өте қуаныштымыз. Елі үшін қызмет етіп, қаншама қиындықты басынан өткізіп өткен халық жазушысын ерқашанда төрімізден түсірмеуіміз керек. Келешек ұрпақ үшін берері көп екені белгілі. Тәуелсіздікке енді қол жеткізген шағымызда тіл мәселесі өршіп тұрды. Осы мәселені шешу жолында Мұхтар Шаханов ағамыз көп еңбек етті, – деді №122 жалпы білім беретін мектеп директоры Талғат Сағатұлы.

КОНЦЕРТ

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ ҰЛЫҚТАЛДЫ

«Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай концерт өткізілді. Әлеуметтік орталықтың сахнасында Алматы қаласы ҚХА этномәдени бірлестіктерінің «Интизар», «Карабах» сынды би ансамбльдері мен өзге де өнер майталмандары өнер көрсетті.



Досбол
АТАЖАН

– Бүгін Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орайластырылған үлкен іс-шара өтіп жатыр. Өртүрлі өнерпаздардың қатысуымен концерт ұйымдастырылды және қайырымдылық акциясы аясында ас берілді. Бүгінгі күні орталықта 295 адам бар. Олар зейнеткерлер мен 1, 2-топ мүгедектері. Мұндағы адамдарға әлеуметтік қызметтердің барлық түрлері ұсынылады. Орталықта емдік дене шынықтыру, білікті медициналық көмек бар. Біз қызмет алушыларды дәрі-дәрмек, киіммен қамтамасыз етіп, әр адамды жеке-жеке қадағалаймыз.



Біздің орталықта жыл сайын 100-ге жуық түрлі іс-шаралар өткізіледі. Бізді көптеген адамдар қолдайды, – деді «Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығының директоры Зафар Аппазов.

Ал іс-шара ұйымдастырушылары атынан концерт жайлы Қазақстан Республикасы ұйғырлар республикалық этномәдени орталығының төрағасы Абдулхалил Долкунтай пікір білдірді.

– Тәуелсіздік күні алдында ата-әжелерімізге жолығып, қала-жағдайларын сұрап, мына жерде қалай күн көріп жатқандарын көрейін дедік. Біраз көмегімізді де алып келдік. Өйткені, үлкенді сыйламаған екі дүниеде де берекет таппайды. Асыл дінімізде «Жұмақтың кілті ана табанының астында» дейді. Жаңа Әділетті Қазақстан деп жатырмыз, енді

осындай қарттар үйі көптеп ашылмайтындай жас ұрпағымызды тәрбиелеуіміз керек, – деді Абдулхалил Долкунтай.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Шаңырақ» әлеуметтік бағдарламалар орталығы» қала әкімдігінің 2001 жылғы 20 қарашадағы №3/301 қаулысымен құрылған. Қазіргі уақытта бұл медициналық-әлеуметтік мекеме стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді қажет ететін қарт азаматтар мен I және II топтағы мүгедектердің тұрақты тұруы үшін қызмет етеді. Орталықта 4 блок бар, оның бірі паллиативтік, онда ерекше және жеке күтімді қажет ететін қызмет алушылар орналасқан.



17 ЖЕЛТОҚСАН – ҚР ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖАҢАРУ КҮНІ

1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Азаттыққа ұмтылыс:

АЗАМАТТЫҚ ЕРЛІК

лайықты бағасын алуы керек



ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ЖЕЛТОҚСАН

Демократия десе, көз алдымызға не елестейді? Әрине, ойымызға бірден Америка Құрама Штаттары келеді. XIX ғасырда Францияда өмір сүрген қоғам қайраткері, ғалым Алексис де Токвилдің «Америкадағы демократия» атты еңбегі бар. Қазір ғана емес, сол заманның өзінде АҚШ-тағы демократиялық өзгерістер еуропалық саясаткерлер мен ғалымдарды таңқалдырған. Солардың ішінде Алексис де Токвил бар. Ол атақты еңбегін АҚШ-қа сапары барысында жергілікті өмірді көру арқылы жазды.

Халқымызда көріпкелдігімен есте қалған ірі тұлғалар бар. Бірі Мәшһүр Жүсіп десе, өзгелері Абылай ханның түсін жорыған Бұқар жыраудың есімін еске алады. Жаһандық деңгейдегі осындай тұлғалардың бірі Алексис де Токвил. Ол өз кітабында «ерте ме, кеш пе, бәрібір әлемде демократия орнайды», – деп болжап еді.

XX ғасырда оның болжамын америкалық әлеуметтанушы және саясаттанушы Самуэл Хантингтон дәлелдеді. Ол «демократиялану толқындары» теориясын жасады. Демократиялану толқыны теориясы саяси жаңғыру концепциясы аясында өмірге келді. Оның теориясы бойынша XIX ғасырдың басынан бері 3 демократиялану толқыны мен 2 кері кету толқындары болды:

- 1-толқын (1828–1926 ж.ж.)
- 1-кері кету (1922–1942 ж.ж.)
- 2-толқын (1943–1962 ж.ж.)
- 2-кері кету (1958–1975 ж.ж.)
- 3-толқын (1974 ж. бері).



(Сурет: zakon.kz)

Кері кету толқынында демократиялық өзгерістер тежелген. КРСО ыдыраған соң одақтас елдердің тәуелсіздік алу үрдісі осы үшінші демократиялану толқыны аясында өтті.

ТАРИХИ ӘДІЛДІК КЕРЕК

Демократиялану үдерісіне тек әлемдік соғыстар ғана емес, колониялардағы азаттық үшін күрес те әсер еткен. Тәуелсіздікке қол жеткізген елдердің тарихына мән беріп қарайтын болсақ, халықтың егемендік үшін күрескенін көреміз. Америка демократиясы аталарының саяси идеялары, Махатма Гандидің бейбіт жолмен күресі, Мұстафа Кемалдың этатизміне негізделген саяси күресі болмаса қазіргі заманғы АҚШ, Үндістан мен Түркияны елестете алмаушы едік. Бұл саяси күрестің астарында халықтың әділдік, теңдік пен еркіндікке ұмтылысы жатыр.

Қазақстанның тәуелсіздік алуына да халықтың демократияға ұмтылысы әсер етті. Демократияға ұмтылыс жалаң сөз емес, астарында әділдік, теңдік пен еркіндік бар. Тәуелсіздікке жол ашқан 1986 жылы 17-18 желтоқсандағы жастардың көтерілісі себепші болды.

Күреспей жеткен дүниенің еш қадірі болмайды. Сондықтан осы тарихи күндерге тек саяси-құқықтық баға беріліп қана қоймай, мемлекеттік идеологияның негізіне айналуы тиіс. Сол кезде ғана мемлекет пен халық шынайы рухани тәуелсіз екенін сезінеді.

Желтоқсан көтерілісінің егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізудегі тарихи рөлін мойындау арқылы біз тарихи әділдікті ғана қалпына келтірмейміз. Біз осы арқылы демократиялық өзгерістерге жол ашамыз. Себебі, жастардың алаңға шығуына демократиялық

Сөзсіз XX ғасырды адамзат тарихындағы маңызды кезең деуге болады. Себебі, колониалды жүйе күйреп, бүкіл әлемде тәуелсіздік салтанат құрды. Бірінші дүниежүзілік соғыс империализмге ауыр соққы берді. Алып державалар енді есін жинай бергенде Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Осы екі әлем соғысынан соң көп ел егемендікке қол жеткізді. КСРО-ның ыдырауы мен Югославияның бөлінуі бұл үдерістің соңғы нүктесін қойды. Кеңес өкіметі ыдыраған соң Қазақстан тәуелсіздікке ие болды. Сол тәуелсіздікке халықтың демократияға деген ұмтылысы себепші болды. Бұл тарихи әділдік ақырындап қалпына келуде. Осы орайда тек Тәуелсіздік күнін ғана емес, Демократиялық жаңару күнінің де тарихи маңыздылығын атап өткен жөн.

талаптары әсер етті. Бұл бағытта жұмыс істеуге заңнамалық негіз бен атқарылып жатқан шаралар жеткілікті.

«ЕГЕМЕН ЕЛДЕР ШЕРУІ» 1986 жылдан басталды

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биыл егемендік күні қарсаңында өткен шарада сөйлеген сөзінде «Біз қазір Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Сондықтан өткен заманның қайраткерлеріне, олардың еңбегіне лайықты, әділетті баға беріп отыруымыз керек», – деп еді. Осы орайда өткенге назар аударған жөн.

1991 жылы 16 желтоқсанда Жоғарғы кеңесі «ҚР тәуелсіздігі туралы» заңды қабылдады. Одан бір жыл бұрын 25 қазанда «Егемендік декларациясының» қабылдауы еді. Бұл Жоғарғы Кеңестің азаттық тарихындағы маңызды рөлін көрсетеді.


Осы күндер өте маңызды. Десе де, сол өзгерістерге біз жоғарыда атап өткен 1986 жылғы жастардың көтерілісі себеп болды. 1991 жылы 12 желтоқсанда «Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлық шығып, Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылған адамдар ақталды. Сондай-ақ, Жарлықтың 4-тармағы бойынша желтоқсанның 17-сі – Қазақстан Республикасының Демократиялық жаңару күні деп жарияланды. Себебі, дәл сол оқиғалар демократиялық және рухани саладағы өзгерістерге түрткі болды.

Ресейлік депутат Петр Зериннің «Суверенитеттер парады» деген тұжырымы бар. Ол бұл сөзі арқылы 1988–1991 жылдардағы одақтас республикалардағы тәуелсіздікке ұмтылған саяси күресті сипаттады. Депутат не үшін 1988 жылдан бастады? Себебі, сол жылы балтық бойы елдерінде Эстония, Литва және Латвияда саяси күрес басталды. Біздіңше «Егемен елдер шеруін» 1986 жылдан бастаған жөн. Себебі, Михаил Горбачевтің саяси реформалары басталғаннан кейінгі ең алғашқы халық толқулары сол жылы Алматыда өткен. Кейін халықтың егемендікке ұмтылысы республика басшылығының саяси сақтығының әсерінен бір орында тұрап қалды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА



ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Академик Дәурен Сембаевқа ескерткіш-тақта орнатылды

Алматыда Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, көрнекті ғалым-химик, профессор, ҚР ҰҒА академигі Дәурен Хамитұлы Сембаевтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Айнабай
МӘДИ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Химия ғылымының докторы, профессор, академик Дәурен Сембаевтың 90 жылдығы қарсаңында салтанатты рәсім Әбікен Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының мәжіліс залында ұйымдастырылды. Басқосуды Химия ғылымдары институтының Бас директоры, химия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ жаратылыстану ғылымдары ұлттық академиясының академигі Хайдар Сүлейманұлы Тасибеков жүргізіп отырды.

«1956 жылы Д.Менделеев атындағы Мәскеу химия-технологиялық институтын органикалық заттар технологиясы мамандығы бойынша бітірген Дәурен Хамитұлы бүкіл саналы өмірін ғылымға, осы химия саласына арнады. Сембаевтың тотыққан каталитиз теориясы кеңес елінен асып, алыс-жақын шетелдерде: АҚШ-та, Германияда, т.б. елдерде құнды ғылыми жетістік болды. Қазақтың зиялы отбасында тәрбиеленген Дәурен Хамитұлы білгір ғалым болуымен бірге, үзегілістеріне үлгі, шәкірттеріне өнеге болған кең жүректі, ақпейіл азамат болды», – деді Химия ғылымдары институтының Бас директоры Х.Тасибеков.

Сөз сөйлеген ғалымның қызы, институт қызметкері Айдана Дәуренқызы, ғалым З.Мансұров, әріптесі Л.Сауранбаева, т.б. замандастары, әріптестері, шәкірттері Дәурен Хамитұлының ғылыми жолына, адамгершілік асыл қасиетіне тоқталды.

«Әкем, академик Сембаев осы Химия ғылымдары институтында мұнай-химия синтезі зертханасының меңгерушісі болып ұзақ уақыт есепі еңбек етті. Оның 300-ден астам ғылыми еңбегі, 34 авторлық куәлігі бар, 45 шетелдік патенттің авторы екендігі ғылыми қауымға мәлім», – деді ғалымның қызы Айдана Дәуренқызы.

Жиыннан соң Дәурен Хамитұлының рухына бағышталып құран-дұға оқылып, жиылған қауым дастарханнан дәм татты. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген осы.



17 ЖЕЛТОҚСАН – ҚР ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖАҢАРУ КҮНІ

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – әр қазақтың жүрегінде. Әсіресе, сол тұста елім, жерім деп соққан апшақ жүрегін қолына ұстай алаңға шыққан жастардың һәм бүгінгі аға буынның мәңгі көкейінде. Иә, Желтоқсан – қазақ жастарының жүрегiмен, тегеурiндi күш-қайратымен жасалған ұлы ерлік. Оған қатысқан жастардың тағдыры да оңай болмады. Түрменiң азабын тартқандары да аз емес, жұмыстан, оқудан қуылып, денсаулығынан айырылғандары қаншама!

Қаладағы А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада жастар Жүрсін Тастекеев, Нұрлан Мейрамов, Ахмет Махатов, Дина Нәлтаева, Нағима Далабаева, Бағизат Әмірханова сынды желтоқсаншы аға-апайларымен кездесті. Аға буын мен жас буын арасында диалог орнамас бұрын, сонау ызғарлы Желтоқсан оқиғасында қыршынынан қиылған боздақтарға бір минут үнсіздік жарияланды. Сосын меймандар еске алу қаншалықты ауыр болса да, өткен күндерге шегініс жасап, жасөспірімдердің сұрақтарына орай, Желтоқсан оқиғасының шын мәнінде қалай болғанын, жастар не үшін алаңға шыққанын әңгімелеп берді.

Сол тұстағы алаңға шыққан жастардың дені ауылдың қара домалақ балалары еді. Олар арман қуып ару Алматыға келген. Оқуға түскені түсті, түсе алмағандары жұмысқа тұрды. Ауылдан, қалың қазақтың арасынан келген қыз-жігіттер орыс тілін қайдан білсін, міне, тіл білмегеннің зардабын осы тұста тартты. Ең ауыр, қара жұмысқа де жегілген қазақ жастары. Ал оқуда жүргендері сабақтан кейін вокзалға барып көмір түсіретін. Көшеде бір-бірімен сөйлесіп тұрса, «Неге біз түсінбейтін тілде сөйлесіп тұрсыңдар? Орыс тілінде әңгімелесіңдер, бізге түсінікті болсын!» деп, орыстың кемпір-шалына дейін өктемдік танытатын Алматы көшесінде.

– Желтоқсан оқиғасының басталуына Мәскеудің біздің елдің басшысын ауыстыру жөніндегі әміршілдік әрекеті ғана себеп болған жоқ. Жаңа басшылыққа Қазақстан халқына мүлдем таныс емес Колбиннің келуі жылдар бойы жинақталған ашу-ыза мен наразылықтың сыртқа атылып шығуына түрткі болды. Жетпіс жылдай үстемдік құрған тоталитарлық жүйе қанша әрекет-

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАСТАРҒА АМАНАТ!



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нағима ДАЛАБАЕВА, желтоқсанға қатысушы:

Біз бес қыз едік...

Мен ол кезде 17 жаста болатынмын. Колледж студенті едім. Оған қоса, «АДК»-да құрылыста жұмыс істеп жүрген кезіміз. Көбіміз орысшаға шорқақпыз.

Кеш қарайған, сағат сегіз, жұмыстан келіп жатқан сәтіміз еді. Жастардың алаңға шығып жатқанын естіп, біз де қарап отыра алмадық, «билікке өзге ұлт емес, өзіміздің қазақ келсін, осы қорланғанымыз жетер» деп, желтоқсанның аязына қарамай шығып кеттік алаңға. Бес қыз едік.

Алаңда небір сорақылықты көзіміз көрді. Қыздарды дубинкамен ұрып құлатып, мұзға отырғызып қойғанын, шаштан сүйреп, итке талатып, мұздай су шашқанын, тіпті бір қызды басынан сапер күрекпен салып кеп қалғанда қақ айырылған басын да, қан жуған бетін де көз көрді. Бізді қақап тұрған аязда машинаға тиіп алып, қаладан 19 шақырымдай болатын жердегі айдаладағы көлге апарып төгіп кетті.

Желтоқсанның мұзы қатқан пальтомызбен бізді судан өзіміздің жігіттер шығарып алды. Сол маңдағы бір саяжайдың терезесін сындырып кіріп, сонда түнедік. Ертеңіне жарықта бізді көрген бейтаныс түріктер жылы үйіне кіргізіп, мұз болып қатып қалған киімдерімізді ауыстырып, ыстық шәйін беріп, «Москвич» көліктерімен жатақханамызға жеткізіп салды. Сол түріктер кейін өз еліне көшіп кеткен екен, биыл бізге іздеу салып жатыр деп естідік жақында. Біздің кейінгі тағдырымызға алаңдап, хабар білгісі келіп жатқан түрік бауырларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бес қыздың екеуі қазір із-түзсіз жоғалып кетті. Кенже деген құрбымызды «жастарды ұйымдастырушы, бүлікке себепкер» деген желеумен елден жыраққа, Мәскеуге бес жылға жер аударып жіберді. Бес жыл бойына жат жерде, ағайын-туыстан алыста, кірген-шыққаны аңдулы қатаң күзетпен күндер кешті. Міне, біздің қазақ қыздарының да бүгінгі Тәуелсіздік жолында жүріп өткен ізі сайрап жатыр.

тенгенімен, біздің ой-пікір бостандығымызды тұншықтыра алмады. Біз алаңға қазақ еліне өз ұлтынан басы сайлансын деген ұранмен шықтық, – деді желтоқсандық ардагер Жүрсін Тастекеев.

Ал замандасының сөзін жалғаған Ахмет Махатов:

– Біз ешкімге жамандық жасаған жоқпыз. Ешқандай бұзақылыққа барған жоқпыз. Біз «Қазаққа қазақ басшылық етсін!» деген патриоттық ұранмен бейбіт шеруге шықтық. Бізді тыңдайды, құлақ асады деп сендік. Өкінішке қарай олай болмады. Бізді бір кеште бұзақыларға айналдырып шығарды да, әскери күштерді жауып келіп жіберіп, ұрып, тоқпақтап, мұз қатқан желтосқанда су шашып, итке талатып, басып, жаныштып, үш күннің ішінде қаланы тазартып тастады. Осынау ызғарлы сәттерде қазақ жігіттерімен бірге қорықпай алаңға шыққан, қансырап жатқан азаматтарды аман алып қалу үшін оларды нәп-нәзік қолдарымен мұз үстімен сүйірілген жүректі, қайсар қазақ қыздарын әлі күнге құрмет тұтамын! – деді тебірене.

Иә, алаңға тек ер-жігіттер ғана емес, нәзік жанды, қайсар мінезді қаракөздеріміздің де шыққаны мәлім. Алматы инновациялық-техникалық колледжінің студенті Ерасыл Жұмаш: «Желтоқсан оқиғасына қатысқан қазақ қыздарының басынан сапер күрекпен ұрғаны рас па?», – деген сұрақ қойды. Қыздарға қол көтеруге болмайды деген тәрбиемен өскен қайран тап-таза бала, ол кездегі қатыгездікті көрген жоқ қой! Көрмей-ақ қойсын, әрине! Бірақ бұл Тәуелсіздіктің бізге қалай келгені, қандай жолмен жеткені туралы біліп жүрісінші!

Бозбаланың осы сауалынан кейін залда біразға дейін үнсіздік орнады. Дина Нәлтаева мен Бағизат Әмірханова «нағыз қиындық көрген замандасымыз Нағима апайлардың» деп ортаға шығарды. Осы сәтте кейіпкерлермен бірге тебіренбеген, көзіне жас алмаған адам қалмады десек болар.

P.S. Намысты, елжанды, рухты қазақ жастарының табанды тегеурінімен, алапат күш-қайратымен келген бүгінгі Тәуелсіздікті біз сендерге, жастар, аманаттаймыз! Кеш қонақтарының айтқан тілегі осындай.

«АҚШАМ» – 35

ЖЕЛТОҚСАН ҚАҢАРМАНЫ

Қоңыр ғана тіршілігін кешіп, өмірден сол қарапайым қалпында өткен әріптесіміз туралы бірер сөз

Қадірлі әріптесіміз болған Құттыбек АЙМАХАН «Almaty aqshamy» газетінде отыз жылға жуық еңбек етті. Жазу-сызуы тап-тйнақтай, өте сауатты жігіт еді. Дауысының да бір қатты шыққан кезін, ғайбат, ауыр сөйлеген жерін көрмеппіз. Өзінің қоңыр ғана тіршілігін кешіп, өмірден сол қоңыр қалпында үн-түнсіз кете барған аяулы азаматты бүгін еске алмасак, үлкен айып болар. Ол – Желтоқсан қаһарманы!

Тағдырлы журналист

...Желтоқсан көтерілісінің нәтижесінде 1988 жылы «Вечерканын» қазақшасы «Алматы ақшамы» газеті дүниеге келіп, оған қатты қуанған Құттыбек қолына тиген газеттің біреуін түрмедегі керуестінің басына жапсырып қояды.

Түрмеден шыққан соң ол ҚазМУ-дың журфагына оқуға түсіп, 2-ші курста біздің «Алматы ақшамына» жұмысқа қабылданды. Сөйтіп, бұл орта Құттыбектің қаламгерлігіне жаңа жол ашады.

Түрмесі несі дерсіз, иә, оған алаңға шыққаны үшін, азаматтық, патриоттық көзқарасы үшін бес жыл жаза кесілген. Ал оның тергеу изоляторында Қайрат Рысқұлбековпен бірге болғанын біреу білсе, біреу білмес.

Мен Құттыбекпен біраз уақыт бір кабинетте отырдым. Сонда айтқан үзік әңгімелері есімде.

– Ол кезде оқуға түсу қиын еді, құрылысқа жұмысқа тұрдым. Алматыға алғаш келген кезде орыс ұлты өкілдерінің қазақтарға деген өктемдігін, басынатындығын әр жерде көріп жүрдік. Ішімізде бір намыс, ашу-ыза булығып жататын. Біз, төрт-бес жігіт, сол күні жұмыстан қашып шығып, алаңға бардық. Қалың жұрт теңіздей толқып тұр екен. Бәрі жастар. Кешкі сағат 8-дер шамасында бізді суық сумен атқылай бастады. Әлгі судың қуаты соншалықты, 20–30 метрдегі адамды қалпақтай ұшырады. Содан бәріміз малмандай су болып, түнгі сағат 11-лерде жатақханаға қайттық, – дегені бар.



қоршауының алдына қолтықтасып, тізерлеп отырып алғанын көреді. Милиция қыздары дубинка ұра бастаған. Тіпті, бір қыз шүйдесімен жолдың шетіндегі цементке құлайды. Әлгі жердің қары қып-қызыл қанға боялған. Қыздарды таяқтап жатқанда, қалай шыдап тұрсын, ашынған жігіттер милицияға лап қояды. Оларды біраз жерге шегіндіріп тастайды да, қаракөздерді тұрғызып алып кетеді.

Олар енді Фурманов көшесі жағынан алаңға ұмтылған. Бір кезде Құттыбек өзінің басынан милицияның ұрғанын біледі. Есінен танып құлайды. Көзін ашса, қыздар бетін қармен ысықылап жатыр екен. Алаңға жібермейтінін білген олар, қазіргі Достық даңғылымен төмен құділап, көше-көшемен жүріп отырып, Жазушылар одағының алдына келіп, Сәкеннің, Бейімбеттің, Ілиястың атын айтып тұрып алады. Іштен ешкім шықпаған.

Оны жұмыста жүрген жерінен қолын артына қайырып, «Целинный» кинотеатрының жанындағы уақытша тергеу изоля-

Олар сол уақыттағы Алматы көшелеріндегі қатаң бақылау мен күзетке қарамастан ергесіне алаңға қайта шыққан. Бірақ қатты қарсылыққа тап болады. Олардың жатақханасының жанында тағы төрт-бес жұмысшылар жатақханасы болыпты, оларға да хабар берген. Нәтижесінде бірі қалмай алаңға аттанады. Қазіргі Желтоқсан көшесі жағынан алаңға келсе, жолды солдаттар мен милиция жауып тастаған. Олар қайта айналып К.Байсейітова көшесімен алаңға бармақ болады, бірақ ол жерді де жауып тастаған. Сосын кері қайтпақ болады. Бірақ бір топ қыздың милицияның

торына алып келіп, жауып тастайды. Сөйтіп, 5 жылға сотталып кете барады. Жазасының екі жылын Қостанайдағы «Құсмұрын» түрмесінде өтеп шыққан.

«Есінде ме?»

«Есінде ме? Сол бір желтоқсанның 16-сы күні бүкіл қазақ халқының жанды жерін кенеттен басталған пленум шешімі қамшымен осып-осып өткені. Үлкендеріміз тағы қамшыға мойынсұнып, жауырындарын төседі. Ал жастардың енді мұндай қорлыққа шыдағысы келмеді. Өз ойын айтуға, шындығына жетуге алаңға келмеді ме? Сонда кім түсініп, кім тыңдады бізді? Қайта «халықты қорғайтын» армиясын төккен жоқ па? Ақ қар, көк мұзда тастай су шашып, қыздарымызды ұрып, итке талатқаны да намысқа тимейді ме? Ұясынан құлап түскен балапандай жаутаңдап, алақандай Алматының көшелерінде көмек сұрап, сергелденге түспедік пе?

Тіпті, үміттенген үлкендеріміздің өздері іштей аласұрғанымен, жетпіс жылдай әбден бойына сіңіп қалған жалтақтық желкелерінен тұқыртып тұрғызбай қойған жоқ па? Кейбір «белсенділер» көзге түсіп қалу үшін бізді «ұлтшыл», «бұзақы», «нашақор» атандырып жібергені де рас, әрбір қадамымызға шөгірдей қадалған жоқ па? Осындай кезеңде алдына жан салмай «аттандаған» кейбір ағаларға шынымен-ақ ашынасын ғой. Ана отырған «жылы орындары» халқының қасіретінен артық болғаны да, оларға!

Кейін «алаңға шыққан бұзықтарды» жаппай аулау басталды емес пе? Бұл сорақылық фашистердің коммунистерді құдалауынан асып түспесе, кем түспеген сияқты. Мені сенен сәл ертерек, желтоқсанның 24-інде-ақ жұмыстан желкелеп әкетті. Ары қарай өмірі естімеген, ар-намысқа тиетін қорлаулар, қолыңды шырқырата қысқан кісіндер, шындыққа сенбеген қатыгез адамдар...», – деп жазған болатын ол өзінің «Мен сені іздеп жүрмін, Қайрат!» деген естелігінде.

Айзере

Оның бостандыққа мерзімінен бұрын шығуына Желтоқсан комиссиясының тигізген пайдасы зор.

Желтоқсан зардабы денсаулығына кінәрат түсірмей қоймады. Біраз жүріп қалып, кеш үйленді. Еңбек етіп жүрген газетінен өмірлік серігі болатын Қарлығаштай жарын жолықтырды. Айзере есімді тәтті қыз сүйлі.

Бірде таңертең жұмысқа кештеу келсем, Құттыбек мәз, қызының қылығын айтқанда, марқұмның көзі нұрланып сала беретін-ді.

– Бүгін таңғы бесте қызым оятып тұр, шошып кеттім. Сөйтсем, «шай шейікші» дейді. Әйелім екеуміздің ортамызда жататын ғой, – дейді балаша қуанған бақытты әке. Бүгінде сол кезде аяғын енді ғана апыл-тапыл басып жүрген Айзересі де желкілдеп өсіп келе жатыр, бастауыш сыныпта үздік оқиды. Міне, Құттыбек кеткенмен, өмірі жалғасып жатыр. Жақсы адамның аты өшпек емес.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ДЕМОГРАФИЯ



Сурет: ашық деректерден

АЙНАЛАЙЫН

Мегаполисте жыл басынан бері 200-ден аса егіз бала өмірге келген

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Алматының биылғы егіздері мен есімдерін саралап көрдік. Жақында ғана Қазақстан халқы 20 миллионыншы тұрғынын қарсы алды. Бақытты сәтке Қазақстанның әр өңірінен сол сағат, сол минутта дүниеге келген сәбилер ілікті. Дәл сол сәтте туылған алматылықтар болмаса да, еліміздің демографиясының өсуіне айтарлықтай үлес қосқан аналарымыздың Алматыда да көп екеніне көзіміз жетті.

Жыл басынан бері бүгінге дейін Алматыда дүниеге келген тек қана егіздердің өзі 217 жұпты құрайды екен. Арасында үшемдер де бар.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы аудандық АХАЖ бөлімдерінің берген мәліметінше, биыл егіздердің көшін 39 егізбен Бостандық ауданы, 38 егізбен Түркісіб және 31 егізбен Алатау ауданы бастап тұр. Одан кейін тізімді 31 егізбен – Алатау, 30 егізбен Медеу ауданы, 29 егізбен Алматы ауданы жалғастырған. Тізімнің соңын 28 егізбен Өуезов, 13 егізбен Жетісу, 8 егіз, 1 үшеммен Наурызбай ауданы аяқтап тұр.

«Бұл – өте қуанарлық жағдай. Елімізде халық санының өсіп жатқаны – жақсы құбылыс. Талай нәубетті басынан өткеріп, өсу қарқыны бәсеңсіп қалған халқымыз биыл 20 миллиондық межеге жетіп қуантып отыр. Елімізде

халықтың әлеуметтік жағдайына аса мән беріліп, аналардың да алаңсыз балалы болуына жағдайлар қарастырылып жатыр. Босанғанға дейінгі, босанғаннан кейінгі жәрдемақылары өсті. Әрбір бала туғанда берілетін жәрдемақылар да жыл сайын өсіп отыр. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер проактивті және композитті нұсқаларға көшірілді. Аналар көп қызметті ХҚО-ға келмей-ақ онлайн алатын болды», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы директорының орынбасары Фарида Бокижанова.

Әлемде 80 мыңға жуық егіз бар көрінеді. Ресми мәлімет бойынша жыл сайын жер бетінде 1,6 миллион егіз туады. Қазақстан егіздерді өмірге алып келуі жағынан әлемде 48 орында екен. Әлі-ақ алдыңғы орындарға шығамыз деп сенейік.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Кішкентай балалардың абайсызда түйме, тиын, өзге де ұсақ бұйымдарды жұтып қоятыны күнделікті тұрмыста жиі кездесетін жағдай. Абай болмасақ, адамға көмектесу және құтқару уақыты көп жағдайда секундтармен өлшенуі мүмкін. Баланың аты – бала, айналасындағы өзіне таңсық барлық затты аузына салатын әдеті. Әлі тілі де шықпаған, не бүлдіргенін де айта алмайтын балдырғанның әлдебір затты жұтып қойғанын қалай білуге болады? Ата-ана үй жағдайында өз бетінше көмек жасай ала ма? Осы және өзге де сауалдарымызға мегаполистегі №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасы хирургия бөлімшесінің хирург-дәрігері Азамат Қуанышов жауап берді.

– Азамат Өмірзақұлы, балалар жұтып қоятын немесе мұрнына тығып алатын бөгде заттардың қатарына нелер жатады, олардың қайсысы қауіптірек? Ішкі ағзаны бүлдіруі мүмкін бе?

– Балалар көбіне тиындарды, магниттерді, үлкендеу көлемдегі ойыншықтарды, түрлі үшкір заттарды, ине, түйреуіштерді, шарларды да жұтып қойып жатады. Өртүрлі заттар баланың асқазан-ішек жолдарына, отоларингологиялық органдарға, жоғарғы тыныс жолдарына тап болады. Ал тыныс жолдарына өтіп кеткен кезде ол кез келген органға – мұрынға, көмейге, трахеяға, кеңірдекке, өкпекап қуысының тініне барып түсуі мүмкін. Ең қиыны – көмей мен трахеяға

ЕҢБЕКТЕЙ БАСТАҒАН СӘБИДІ КӨЗДЕН ТАСА ЕТПЕҢІЗ

Балалар жұтып қоятын бөгде заттар да өмірге қауіпті



түскен бөгде зат. Ол жағдайда баланың тыныс алуы қиындайды. Бөгде заттардың ішіндегі ең қауіптісі – магниттер, бас жағы ашылып тұрған үшкір түйреуіштер, инелер және ойыншықтардың үлкен көлемдегі бөлшектері. Мысалы, магниттер жабысқақ болғандықтан, ішекті тесіп кетуі мүмкін. Инелер де ішекті зақымдайды. Үлкен көлемдегі ойыншықтар, тиындар тоқ ішек пен аш ішектің қосылған жерінде қысылып қалуы мүмкін, ондай жағдайда бізге ота жасауға тура келеді.

– Тілі жоқ баланың бірдені жұтып қойғанын немесе мұрнына, құлағына тығып алғанын қалай білеміз, симптомдары қандай?

– Бөгде зат баланың өкпесіне кетіп қалған болса, бала жөтелуі, шашалуы, тұншығуы, көгере бастауы мүмкін. Ал ас қорыту жолына кетіп қалған болса, аузынан сілекей ағуы, құсуы мүмкін.

– Жалпы, мұндай тосын оқиғаларға қай жастағы балалар жиі ұшырап жатады? Ата-ана өз бетінше үй жағдайында көмек беруіне бола ма?

– Көбіне бала еңбектей бастаған кезде, айналасындағы барлық затты ұстасам, көрсем, білсем деген қызығушылықпен көз алдында жатқан заттарды дереу аузына сала қоятыны мәлім. Демек, еңбектей бастаған шағы қауіптірек. Одан да үлкенірек балалар да оқыс жағдайға тап болып жатады. Мысалы, тиындармен ойнап жүріп, байқаусызда жұтып қойып, шашалып, өкпесіне өтіп кететін жағдайлар өте жиі кездесіп жатады біздің тәжірибемізде.

Ата-ана баламды қанша қадағалап, көзімнен таса етпей отырмын деген күнде де, баланың аты – бала, олар шалт, жылдам қимылдайды, сондықтан әлгіндей келесіз оқиғаларға ұрынып қалып жатады. Иә, ата-аналар тосын жағдайда алғашқы көмек жасауға ұмтылғаны дұрыс. Мысалы, өзіңіз орындыққа отырып, баланы тізеңізге жатқызып, басын төмен қаратып, екі жауырынының ортасынан қағасыз. Және міндетті түрде «Жедел жәрдем» шақырған абзал.

– Бөгде заттар жұтып қойған балалардың операция үстеліне жатқызылатын жағдайлары жиі кездесе ме?

– Иә, жиі кездеседі. Әсіресе, үлкендеу жастағы балалардың магнит немесе үлкен көлемді ойыншықтар, оларға салынатын батарейкаларды жұтып қойған кезде ішек жолдарына өтіп кетеді де, оны алу үшін ота жасауға тура келеді. Бала екі-үш магнит

жұтып қойса, тіпті қауіпті, олар бір-бірімен жабысып, ішектердің құрылымын зақымдап, жұмысын бұзуы мүмкін және тесіп жіберуі де ықтимал. Сондай-ақ, шемішке немесе оның қабықтары, жаңғақтар өкпеге кетіп қалған кезде, жалпы наркозбен манипуляция жасалады. Ол да отаның бір түрі болып есептеледі.

Бізге былдыққа осындай 30 шақты ота жасалды. Бір бала тіпті жеті магнит жұтып қойып, денеге түскен бөгде зат ішекті бес жерінен тесіп өткен. Қуанышқа қарай, бала аман-есен емделіп шықты. Кейбір ата-аналар бөгде заттың абайсызда өкпеге кетіп қалғанын білмей, бронхит, аллергия, пневмония деп емдеп жататын кездер де жиі орын алып жатады. Ұзақ уақыт емделмей қойған соң, дәрігерге қаралып, одан КТ жасалып, нәтижесінде бөгде нәрсені жұтып не мұрнына тығып алғаны белгілі болып жатады.

– Осы орайда ата-аналарға қандай кеңес айтар едіңіз? Үлкендер бірінші кезекте нені ескергені жөн?

– Ата-аналар баланың жорғалап, еңбектей бастаған сәтінен бастап міндетті түрде кішкентай көлемді өткір заттарды жоғарыға, биік жерге немесе көзге түсетін орындардан алыстау қою қажет. Баладан артық шалт қимылдайтын адам жоқ. Үлкендерге мұқият болған абзал, үйді таза ұстап, аяқ астында көлденең жатқан, баланың қолы жететін заттың болмағаны жақсы. Балаңыздың тым ұсақ заттармен ойнамауына назар аударыңыз. Полиэтиленді қалта, химиялық жуу құралдары, желім сияқты заттарды да алыс жерде ұстаңыз.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

ЕГДЕ ПАЦИЕНТТЕРГЕ ҚОЛАЙЛЫ

Алматыда жүрекке шағын инвазивті оталар жасалатын TAVI орталығы ашылды

Алматы қалалық Кардиология орталығында МӘМС және ТМҚК аясында жүрекке жоғары технологиялық шағын инвазивті оталар жасалатын TAVI орталығы ашылды. Орталықта науқастар ең қажетті – жүректің ультрадыбыстық зерттеуінен өте алады.

Мұнда жоғары деңгейде диагностикалық бейнелеуге мүмкіндік беретін 128 тілімнен тұратын заманауи КТ аппараты бар. Одан кейін көрсеткіштер бойынша пациенттерге хирургиялық араласу – TAVI отасы (transcatheter aortic valve implantation) жасалады. Бұл – қолқа қақпақшасының стенозын емдеудің заманауи әдісі. Мұнда тарылған клапан жүрекке ашық операция жасамай-ақ тамыр арқылы ауыстырылады. Отаның бұл түрі наркозсыз өтіп, науқасқа айтарлықтай жарақат салмайтыны сөзсіз. Дәстүрлі хирургиямен салыстырғанда науқас қалпына тез келеді және оның ауруханада жату мерзімі қысқарады.

Енді жүрекке ашық ота жасауға қарсы көрсетілімі бар ауыр науқастарға операция жасаудың бірегей мүмкіндігі бар. Мұндай ота 70 жастан асқан жүрек ауруы бар науқастарға көрсетілген. TAVI орталығының ашылуы аясында қалалық Кардиологиялық орталықтың қызметкерлеріне «шеберлік сабағын» өткізу үшін Фрайбургтен (Германия) эндоваскулярлық хирургия директоры Франц-Иозеф Нейман арнайы шақырылды. Қазір Алматы қаласында жылына 20–22 ота жасалса, мұқтаж науқастардың қажеттілігі жылына 200–250 отаға дейін жетеді. Мұндай отаны жүзеге асыру үшін орталықта ҰҒҚО, Германия және Түркия клиника-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Роза ҚУАНЫШБЕКОВА,
қалалық Кардиология орталығының директоры, профессор:

Алматы – еліміздегі ең ірі мегаполис. Мұндағы TAVI хирургиясына қажеттілік өмір сүру ұзақтығының ұлғаюымен және диагностикалық жақсаруымен бірге артып келеді. TAVI әдісін қолдану және TAVI орталығының ашылуы денсаулық сақтау жүйесі мен пациенттер үшін бірнеше маңызды артықшылыққа ие: дәстүрлі ота тым қауіпті болып келетін егде жастағы пациенттер үшін қолжетімділігі; отадан кейін қалпына тезірек келуі; асқыну ықтималдығының аз болуы; TAVI отасы аорта қақпақшасы стенозының ауыр түрімен ауыратын науқастардың өмір сапасын айтарлықтай жақсартады және кардиохирургия саласындағы одан әрі ілгерілеу үшін маңызды болып табылатын медициналық зерттеулерді дамытуға, арнайы мамандарды дайындауға өз үлесін қосады.

ларының жетекші мамандарынан білім алған қызметкерлер бар.

«Қолқа қақпақшасының стенозы жүректен денеге қанның қалыптасуына кедергі келтіретін саңылаудың қатты тарылуымен сипатталады. TAVI процедурасы сандағы артерия арқылы енгізілетін катетер арқылы жүзеге асырылады. Катетер жаңа клапанды қалаған жерге жеткізіп, онда ол тарылған клапанды ашады және ауыстырады. Бұл процесс наркозсыз жасалады және жүрекке ашық ота жасауды қажет етпейді де, қан ағымын қалпына келтіруге

мүмкіндік береді. Ал мұның барлығы бір жерде шоғырлануы науқастың проблемасын тез шешуге жол ашады», – дейді қалалық Кардиологиялық орталықтың рентген хирургиясы бөлімінің меңгерушісі Оразбек Сахов.

TAVI орталығы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының тапсырысымен және қолдауымен жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеуге деген көзқарасты өзгерту және пациенттеріміздің өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында құрылған.



СЕМИНАР

ЕГЕМЕНДІК – ЕЛДІГІМ,
ТӘУЕЛСІЗДІК – ТЕҢДІГІМ!

Алмалы ауданындағы №167 жалпы білім беретін мектеп ұжымы ел Тәуелсіздігіне орай «Егемендік – елдігім, Тәуелсіздік – теңдігім» атты аудандық семинар өткізді. Семинарға Алмалы ауданы Білім бөлімінің басшысы Зоя Қашқымбайқызы, мектеп директорлары, оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.



Өткізіліп отырған семинардың маңызы өте зор. Оның мақсаты – қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын талдап, жас ұрпақты осы жолда құрбандықпен қолымыз жеткен Тәуелсіздігімізді құрметтеп, қастерлей білуге тәрбиелеу. Семинарға қатысушылар сынып жетекшілері өткізген ашық тәрбие сағаттарына қатысып, оқушылардың тәуелсіздік туралы көп мәліметке қанық екендеріне тәнті болды. Сонымен қатар, дарынды оқушылардың Тәуелсіздікке арнаған қолөнер бұйымдарының көрмесі де көпшіліктің көңілінен шықты.

Әсем бұйымдарды технология пәні мұғалімдері Мереке Сырлыбаева мен Рита Кәрібаева таныстырды. Физика, химия, информатика және биология

пәндерінен білім алушылар өздері жасаған ғылыми жоба жұмыстарын көрсетті. Әрбір оқушының еңбегін бағалаған қонақтар оқушыларға ризашылықтарын білдірді. Семинар соңында өнерпаз оқушылардың өнерлерін тамашалады. Мектеп оқушылары Ыбырай Алтынсарин, Абай шығармаларына үзінділерді жатқа оқыды. Тәуелсіздік жолындағы қазақ халқының күресін сахналық көрініс арқылы бейнеледі.

Семинар соңында Алмалы аудандық білім бөлімінің әдіскері Әсем Жандарбекқызы семинарды ұйымдастырушылардың еңбегін жоғары бағалады. Семинарды мектеп директоры Ғалия Әлкенқызы қорытындылады.

Н.НАМАЗБАЕВА,
директордың тәрбие
жөніндегі орынбасары.

БӘРЕКЕЛДІ!



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР...

Еліміздің білім саласы тағы да бір биікті бағындырып отыр. Бұл ретте ел білімінің рейтингін арттыруға Алматы қаласы үлкен үлес қосқаны қуантады. Биылғы PISA–2022 халықаралық зерттеуінің қорытындысы бойынша Қазақстан математика және жаратылыстану ғылымы саласы бойынша топ 50 елдің қатарына енді. Бұл қуанышты хабарды ҚР Білім министрлігі хабарлады.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

PISA зерттеуінің жаһандық рейтингі – білім сапасын бағалаудың ең маңызды халықаралық жүйелерінің бірі. Білім министрлігінің айтуынша біздің оқушыларымыз 81 елдің ішінде математикадан 46-орын, оқудан 61-орын, жаратылыстану пәні бойынша 49-орынды иеленді. Алматы қаласы оқушыларының барлық ұлттық және халықаралық рейтингтер бойынша көрсеткіштері еліміздің басқа өңірлерімен салыстырғанда жоғары болып тұр. Биылғы PISA–2022 зерттеуінің нәтижелері бойынша да Алматы қаласы «математикалық сауаттылық» және «жаратылыстану сауаттылығы» бағыттары бойынша

бірінші орынға ие болды. Мәселен, математикалық сауаттылық бойынша Алматы қаласының орташа балы – 453 болса, бұл ел бойынша орташа балдан (425 балл) жоғары. Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы бойынша Алматы қаласының орташа балы – 458 болса, бұл ел бойынша орташа балдан (423 балл) асып отыр.

Сонымен қатар, оқу сауаттылығы бойынша Алматының орташа балы 423-ті құрап, бұл ел бойынша орташа балдан да жоғары 386 балл көрсеткен еді. Оқу сауаттылығы бойынша Алматы қаласы жалпы рейтингте 3-орынға ие болды. Алматы PISA–2022 халықаралық зерттеуінің математикалық және жаратылыстану сауаттылығы бағыттары бойынша ең алдыңғы орынға ие болып, үлкен жетістік көрсетті.

БАСПАСӨЗ – 2024

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет. 2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе almaty.aqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 Жеке жазылушылар үшін

95503 Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер,

мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Құрметті
жазылушылар
сәттілік
тілейміз!

**Almaty
AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Aqparat» ЖШС.

almaty.aqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық таралымы – 28 412

Кезекші редактор –

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

күзегі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның

компьютер орталығында теріліп,

беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Жуырма Вена қаласындағы Хофбург сарайында орналасқан Австрия Ұлттық кітапханасында Алматы қаласы тарихы музейі ұйымдастырған «Қазақстан көшпенділері» атты көрме ашылды. Көрменің өтуіне Алматы қаласы әкімдігі және Қазақстанның Австрия Республикасындағы Елшілігі қолдау көрсетті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Еуразия құрлығының кіндігіндегі ең ірі мемлекет – Қазақстан Республикасының жаңа тарихы 1991 жылы тәуелсіздік алған кезден бастау алады. 1992 жылы Қазақстан Орталық Азия аймағындағы Австриямен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан бірінші мемлекет болды. Жыл өткен сайын Қазақстан мен Австрия арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыс нығайып келеді. Бұл көрме – осы ынтымақтастықтың нақты көрінісі.

Алматы қаласы тарихы музейінің «Қазақстан көшпенділері. Салты мен дәстүрлері» көрмесі келушілерді Ұлы даланы мекендеген халықтың терең тарихы мен мәдениетімен таныстырып, екі ел арасындағы мәдени диалогты жалғастырды деуге негіз бар. 200-ден аса көрермен тамашалаған салтанатқа Қазақстан Республикасының Австриядағы Елшісі Мұхтар Тілеуберді, Австрия Сыртқы Істер министрлігінің департамент директоры Герхард Зайллер мырза, Австрия Ұлттық кітапханасы директорының орынбасары Ирмаграт Харрер ханым, сонымен қатар, әлем елдерінің Австриядағы және Еуропалық ұйымдардағы дипломатиялық миссия басшылары, Вена қаласы басқару органдарының өкілдері, суретшілер, музыканттар, бизнес өкілдері, студент-жастар қатысты.

ҚАЗАҚТЫҢ КИІЗ ҮЙІ

Австрия төрінде тігілді



«Қазақ халқының бай мәдениеті, тарихы сан ғасырлардан тамыр тартады. Көшпенділер мәдениеті қазіргі өркениеттің қайнары десе болады. Еуропалық мәдени орта үшін бүгінгі көрме тосын жаңалықтарға толы ерекше оқиға болғаны сөзсіз», – деді көрменің ашылу салтанатында сөз алған Қазақстанның Австриядағы Елшісі Мұхтар Тілеуберді.

Тарихи жәдігерлермен қатар, Венаның аспанында қазақтың әні мен күйі қалықтады, еркін елдің рухы Дунай жағалауын дүр сілкіндірді. Алматы қаласы музейлер бірлестігі қорындағы қазақтың 100-ден аса тарихи-мәдени жәдігері ұсынылған көрме Вена қаласының мәдени өміріндегі елеулі жаңалықтардың бірі болды. Көрме қазақ халқының тұрмысын, салт-дәстүрін, қолданбалы өнерін баяндайтын этнографиялық жәдігерлер, музыкалық аспаптар мен Алматы қаласының тарихы мен қазіргі өмірін көрсететін фотосуреттерге негізделген.

Көрменің ортасында киіз үй – көшпелі-

лердің ең көне және сонымен бірге заманауи жылжымалы тұрғын үйі орналасқан. Бұл қазақ халқының материалдық мәдениетінің үлкен жетістігі деуге болады: ол оңай тасымалданады, тез орнатылып, бөлшектеледі, киіз жамылғы жаңбыр өткізбейді, бұл баспана жазда салқын және қыста жылы болады. Ал қазіргі күні малшылардың жазғы жайлауында киіз үйлер тігіліп, кез келген мереке, тіпті қалаларда да оңсыз өтпейді. Қазақтың киіз үйі халықтың материалдық мәдениетінің элементі ғана емес, сонымен бірге әлемнің діни-мифологиялық суреті туралы ең алуан түрлі мәліметтерге толы символизмді қамтиды.

Қазақ үйінің безендірілуі көшпелілердің халықтық қолданбалы өнерінің айқын үлгісі болып табылады. Киіз үйдің ішкі бөлігінде Алматы қаласы тарихы музейінің қорынан алынған жәдігерлер: түкті және түксіз кілемдер, кестеленген қабырға кілемдері (түскізі), киіз кілем (сырмақ), төсек кілемі (түскесте), сандық, ат әбзелдері, ыдыс-аяқ және т.б. күнделікті заттар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қайрат ТАРБАЕВ, Алматы қаласы музейлер бірлестігі директорының даму жөніндегі орынбасары:

Игі дәстүр жалғасады

Көшпелі өмір салты қазақ халқының дүниетанымының, салт-дәстүрінің, рухани және материалдық мәдениетінің негізі болды. Көшпелілердің рухани тәжірибесі жалпыадамзаттық мәнге және құндылыққа ие және бүкіл әлемде ғылыми қызығушылық тудырады. Бұның айғағы – Алматы қаласы музейлер бірлестігінің әлем елдерінде өткізіліп келе жатқан көрмелері. Былтыр қазақ тарихымен Оңтүстік Кореялықтар мен Түркиядағы бауырлар танысса, биыл көшпенділер тарихы мен бүгінгі туралы көрме Италияның Неаполь қаласында өтіп жатыр. Бұл жақсы дәстүр алдағы жылдары да жалғасын таппақ.

(Сурет: SOCIETY/Karakan)

ЖАРЫС

«Ұстаз барысы – 2023»
турнирі өтті

Алматыда «Кемел» спорт кешенінде ұстаздар арасында қазақ күресінен «Ұстаз барысы – 2023» қалалық турнирі өтті. Жарыс 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

Турнирді Алматы қаласы Білім басқармасы «Қалалық дене шынықтыру және спорт оқу-тәжірибелік орталығы» мен «Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіподақ ұйымы» ұйымдастырды.

«Тәні саудың – жаны сау» демекші, ұстаздарымыз рухани бай болуымен қатар, спортпен де шұғылданғаны жөн. Себебі, олар жастарға үлгі. Салауатты өмір салты ұлттық спортпен ұштасса, бұл екі есе жақсы. Себебі, қазақ күресі халқымыздың ұлттық спортына жатады. Осыны ескере отырып, ұстаздар

жарысқа зор ынтымақпен қатысты. Балуандар 4 салмақ дәрежелерінде белдесті: 60 кг дейін, 70 кг дейін, 80 кг дейін, +80 кг жоғары. Жалпы саны 64 ұстаз өз бақтарын сынады. Қатысушылар әр аудан бойынша бөлінді. Осылайша барлығы 8 топ жарысқа қатысты.

«Ұстаз барысы – 2023» турнирі биыл екінші рет өтуде. Оның ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы Қазақ күресі федерациясының тұңғыш президенті, елімізге еңбек сіңірген жаттықтырушы, профессор Ерғали Мұхиддинұлы құрметті қонақ ретінде қатысып, сөз сөйледі. Ол балуандарға жеңіс тілеп, осындай керемет жарысты ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

Тәуелсіз елдің ұл-қыздары –
жарқыраған жұлдыздарыРая
ЕСКЕНДІР

Ел Тәуелсіздігі мерекесін Алматы қаласындағы барлық мектепке дейінгі мекеме бүлдіршіндері зор қуанышпен атап өтуде. Ата-бабамыздың арманы болған тәуелсіздік бізге қандай қымбат болса, сол еркін елде өмірге келген кішкентай бүлдіршіндер үшін тіпті қастерлі.

Қаламыздың Бостандық ауданы аумағына орналасқан №140 бөбекжай-балабақша бүлдіршіндері осынау ұлық мерекені «Тәуелсіз елдің ұл-қыздары – жарқыраған жұлдыздары» атты іс-әрекетпен атап өтті.

Оған қаламыздағы мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері қатысты.

Аталмыш бөбекжай-балабақша 6 топқа арналған. Мемлекеттік тілде білім, ұлттық рухта тәрбие береді. Соңғы жылдары ашылған балабақша болғандықтан толығымен бүгінгі заманға лайықтап салынған. Яғни бүлдіршіндердің еркін өсіп-жетілуіне толық жағдай жасалған. Мұнда бүлдіршіндер шахмат пен робототехника үйірмелеріне қатысады. Салауатты өмірге баулитын тұзды шахтасы да бар.

Бөбекжай-балабақша меңгерушісі Шаттық Әбішқызы мектепке дейінгі мекемелерге арналған бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Бұл саланың майын ішкен маман болғандықтан өзінің жинақтаған іс-тәжірибесін жастарға үйретуден жалыққан емес.

– Тәуелсіздік мерекесін бүкіл ұжым болып, зор қуанышпен қарсы алып отырмыз. Аталмыш семинарға қатысып отырған қаланың бүкіл мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне дене шынықтыру пәнінен өзіміз қолданып жүрген әдіс-тәсілдерді көрсетіп отырмыз. Басты ойымыз осы біз қолданып жатқан озық тәжірибеміз ортақ болса екен дейміз. Қазіргі балалардың талға-

мы мүлдем бөлек, оларды ештеңемен таңқалдыра алмайсыз. Дәстүрлі құралдар мен ойыншықтарға көздері үйреніп кеткен. Сондықтан біз кәдімгі сүйекті тазалап, әбден қайнатып, түрлі түске бояп, спорттық жаттығуларға құрал етіп қолданып жатқан жайымыз бар. Мәселен, қамшы, сүлгі, бет орамал, пакет дейсіз бе, әйтеуір қажетсіз деген қоқыстың өзін кәдеге асырып жатырмыз, – дейді Шаттық Әбішқызы.

Балабақшаның «Ақжелкен» мектепалды тобы денешынықтыру нұсқаушысы С.Қуанбаеваның жетекшілігімен түрлі дәстүрден тыс тәсілдер қолданып, түрлі спорт ойындары көрсетілді. Бүлдіршіндер «Симфония» биін билеп, «Біз – болашақ чемпиондар» этюдін сахналады. Сонымен қатар, қатысушылар «Денсаулықты сақтаймыз, өзімізді баптаймыз» тимбилдингін тамашалады.

